Toshakova E.M. Altai mulier in praerevolutione praeteriti // Scientific notas of the Gorno-Altai Research Institute of History, Language and Literature. Gorno-Altaisk: Gorno-Altaisk, Liber Publishing Domus, 1958, exitus. 2, pp. 108-150. (In Russian)

Mulieres Altai in arte G.I. Choros-Gurkina. Tomsk, 2009. (In Russian)
Delineationes ethnographicae a G.I. Choros-Gurkina. Gorno-Altaisk, 2013. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Кыдыева Вера Якшиновна – тарих ғылымдарының кандидаты, Алтай Республикасы А.В. Анохина атындағы мемлекеттік бюджеттік мекемесі, Горно-Алтайск қ., Чорос-Гуркина көш., 46 үй. E-mail: vera.kydyeva@yandex.ru

Сведения об авторе: Кыдыева Вера Якшиновна – кандидат исторических наук, старший научный сотрудник отдела истории БУ РА «Национальный музей Республики Алтай имени А.В. Анохина». г. Горно-Алтайск, ул. Чорос-Гуркина, д. 46. E-mail: vera.kydyeva@yandex.ru

Information about the author: Vera Y. Kydyeva – Candidate of Historical Sciences, senior researcher at the Department of History of the BU RA «National Museum of the Altai Republic named after A.V. Anokhin». Gorno-Altaisk, st. Choros-Gurkina, 46. E-mail: vera.kydyeva@yandex.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 14.02.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 04.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 17.03.2025.

НАУРЫЗ – ЖЫЛДЫҢ ҰЛЫ МЕЙРАМЫ

Р.Н. Шойбеков
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі
(Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада наурыз мейрамының шығу негізі қазақ халқының тіршілік қамы мен шаруашылығын ұйымдастыру жағдайымен байланысты қарастырылады, наурызға қатысты салт-дәстүрлерге сипаттама беріледі. Наурыз мейрамының күн мен түнің теңелуіне негізделгені баяндалады. *Наурыз* атауының қазақ танымындағы ұғым-түсінігі ашылады.

Наурыз мейрамына қатысты салт-дәстүрлердің, ырым-жоралғылардың, наным-сенімдердің жергілікті ерекшеліктері, олардың бәрі тұтас келгенде бүкіл табиғатқа құрметпен қарау, онымен бірлікте өмір сүру, жаңару, өсіп-өркендеу идеясымен байланысты пайда болғандығы айқындалады.

Наурыз мейрамының адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеуде, этикалық нормаларды нығайтуда ғасырлар сынынан өткен ата-баба жолын ұстануда, елдің тұтастығы мен ынтымақ-бірлігін сақтауда атқарған қызметі ашып көрсетілгені. Зерттеу жұмысы Наурыз – жылдың ұлы мейрамын талдауға бағытталған. Осы тақырыпты зерттеу барысында қазақ ақын-жазушыларының еңбектеріндегі Наурыз мейрамы туралы берілген мәліметтер бір жүйеге келтіріліп, талданды. Бұл-қазақ халқы үшін де, өзге көшпелі өмір сүрген түркі халықтары үшін де ортақ мейрам. Бұл зерттеу, әсіресе, бүгінгі жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды сақтауға, дамытуға септігін тигізері сөзсіз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Автор мақалада Наурыз мейрамының көшпелілер тарихында орын алатын маңыздылығын талдай келіп, төрт түлік малдың төлдеуіне қатысты берілген мәліметтерді жүйелеу, ұқсастығына қарай топтастыру және саралау сияқты әдістерді қолданды. Нәтижесінде қойылған мақсатқа жету үшін Наурыз мейрамына қатысты материалдарды жан-жақты зерделеу мақаланың мазмұнын ашуға мүмкіндік берді.

Тірек сөздер: экологиялық тепе-теңдік, Ұлыстың ұлы күні, жыл басы, антропоцентристік таным, символ, Наурыздама, ел жақсылары.

Сілтеме үшін: Шойбеков Р.Н. Наурыз – жылдың ұлы мейрамы // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 40-50 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.04

НАУРЫЗ – ВЕЛИКИЙ ПРАЗДНИК ГОДА

Р.Н. Шойбеков
Центральный государственный музей Республики Казахстан (Казахстан)

Аннотация. В статье рассматриваются истоки праздника Наурыз в связи с организацией жизнедеятельности и хозяйства казахского народа, описываются обычаи и традиции, связанные с Наурызом. Объясняется, что праздник Наурыз основан на равноденствии. Раскрывается понятие и значение названия Наурыз в казахском фольклоре.

Выявлены локальные особенности традиций, обрядов и верований, связанных с праздником Наурыз, которые в целом возникли в связи с идеей уважения всей природы, жизни в единстве с ней, обновления и роста.

Подчеркивается роль праздника Наурыз в регулировании взаимоотношений между людьми, укреплении этических норм, следовании многовековому укладу наших предков, сохранении целостности и единства страны. Целью исследования является анализ великого праздника года – Наурыз. В ходе исследования данной темы были обобщены и проанализированы сведения, представленные о празднике Наурыз в произведениях казахских поэтов-писателей. Это общий праздник как казахского, так и других кочевых тюркских народов. Данное исследование, несомненно, поможет сохранить и развить национальные ценности, особенно среди современного молодого поколения.

Материалы и методы исследования. В статье автор проанализировал значение праздника Наурыз в истории кочевников, используя такие методы, как систематизация, группировка и классификация предоставленных сведений об отелах скота. В результате комплексного изучения материалов, связанных с праздником Наурыз, удалось раскрыть содержание статьи для достижения поставленной цели.

Ключевые слова: экологическое равновесие, великий день нации, начало года, антропоцентрические понятие, символ, Наурыздама, знантные люди.

Для цитирования: Шойбеков Р.Н. Наурыз – великий праздник года // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 40-50. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.04

NAURYZ IS THE GREAT HOLIDAY OF THE YEAR

R.N. Shoibekov
Senior employee of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. The article examines the origins of the Nauryz holiday in connection with the organization of life and economy of the Kazakh people, describes the customs and traditions associated with Nauryz. It explains that the Nauryz holiday is based on the equinox. The concept and meaning of the name Nauryz in Kazakh folklore are revealed.

The local features of traditions, rituals and beliefs associated with the Nauryz holiday are revealed, which in general arose in connection with the idea of respect for all nature, life in unity with it, renewal and growth.

The role of the Nauryz holiday in regulating relationships between people, strengthening ethical standards, following the centuries-old way of life of our ancestors, preserving the integrity and unity of the country is emphasized. The purpose of the study is to analyze the great holiday of the year - Nauryz. In the course of studying this topic, information presented about the Nauryz holiday in the works of Kazakh poets and writers was summarized and analyzed. This is a common holiday for both Kazakh and other nomadic Turkic peoples. This study will undoubtedly help preserve and develop national values, especially among today's young generation.

Materials and methods of research. In the article, the author analyzed the significance of the Nauryz holiday in the history of nomads, using such methods as systematization, grouping and classification of the provided information on cattle calving. As a result of a comprehensive study of

materials related to the Nauryz holiday, it was possible to reveal the content of the article to achieve the stated goal.

Keywords: ecological balance, great day of the nation, beginning of the year, anthropocentric concept, symbol, Nauryzdam, noble people.

For citation: Shoibekov R.N. Nauryz is the great holiday of the year // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 40-50. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.04

Кіріспе. Наурыз мейрамы уақыт пен кеңістіктегі ұлы табиғи өзгеріспен, күн мен түннің жазғытұрымғы (көктемгі) теңесумен, жаңғырып-жаңарумен байланысты қалыптасқан.

Ол қазіргі күнтізбе бойынша 22 наурызға, ал Батыс Қазақстан мен Түркіменстан қазақтарында 14 наурызға сәйкес келеді.

Наурыз мейрамының шығу негізі уақыт пен кеңістік аясында өмір сүретін халықтың тіршілікқамы, күнделікті тұрмыс жағдайы, маусымдық шаруашылықты ұйымдастыру жағдайымен байланысты.

«Жалпы алғанда, оның шығуы табиғатта болып жататын көптеген тепе-теңдік орнаған жағдайлармен байланысты. Бұл жағынан алғанда, «наурыз» ұғымы қазіргі кездегі жаратылыстану ғылымында көбірек айтылатын табиғи тепе-теңдік (кейде оны экологиялық тепе-теңдік деп те атайды) деген ұғымдармен сабақтасып жатады. Наурыз күні жақсылық пен жамандықтың, күн мен түннің, суық пен жылылық, қайрымдылық пен қатыгездіктің, қыс пен жаздың бір-бірімен тартылысының күні деп есептелінген, алдағы уақыт табиғатқа да және адам баласының өзіне де құт-береке, ырыс-қазына, яғни жалпы жақсылық атаулының кеңінен орын ала бастаған күні деп ұйғарылады. Сондықтан бұл күнді халқымыз көбіне Ұлыстың ұлы күні деп атайды» [Сәтімбекұлы, Ережепова, Унасбаева, 2002].

Нәтижелер мен таалқылау. Наурыз, біріншіден, қазақ танымында жаңа жылдың, 3 ай көктемнің бірінші айының, қазіргі қолданыстағы күнтізбеде үшінші айдың (март) атауы. Тілімізде бір тектес заттардың, құбылыстың алғашқысын (біріншісін) «басы» деп атайтыны тәрізді 22 наурызды *жыл басы* деп атайды.

Екіншіден, наурыз – жаңа жыл; жаңа жылдың тойланатын алғашқы күні. «Наурыз – қазақ халқының ежелгі заманан бері наурыздың 22-сін (ескіше 9-ын) жыл басы деп тойлап келе жатқан айтулы мейрамы. Жылдың бас айындағы бұл мейрам күн мен түннің теңелуіне негізделген. Қыс қаһары қайтып, көктемнің келуі, табиғатың тіріліп, жаңаруымен шендестіріліп, малдың төлдеуі және тіршілік науқанының басталуын баяғы заманнан *Ұлыстың ұлы күні* деп те атаған.

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен байланысты іргелі ұғымдардың бірі. *Ұлыстың ұлы күні* деген сөз орамындағы *Ұлы күн* – жылдың бас күні (бірінші күні - ред.). Ең абзал, ең мәртебелі болып танылғандықтан қазақтар *Ұлы күн* деп атаған. Ал, ұлыс сөзі – «жұрт», «ел», «халық» деген ұғымдардың жиынтық атауы. *Ұлыс оң болсын* дегендегі *ұлыс* осы айтылған мағынаны білдіреді. Қысқасы, сөз бір-бірімен байланысып, тіркесіп барып «Наурыз мейрамы» дегенге саяады. Ал иран жұртынан наурыз («жаңа күн») атауы кіргенге дейін байырғы баба тілінде бұл мейрам *Ұлыс күн* деп аталған» [Уәли, 2023].

Табиғаттың жаңғыруы.

Ескі түркі жазба ескерткіштерінде наурызға қатысы «Жаңа жылды наурыз білдіреді» (Ә. Науаи) деген сөз сақталған [Құрышжанов, 2001: 189].

Наурыз – көктемнің алғашқы айы. Көктем үш айдан (наурыз, сәуір,мамыр) тұрады. Үш айды жинақтап тоқсан дейді. Бір жылда 4 тоқсан болады: олар *көктем, жаз, күз, қыс* деп маусым атымен аталады және олардың *қыс тоқсан, жас тоқсан, жаз тоқсан, күз тоқсан* дейді. *Тоқсан* дейтіні: әрбір маусымда немесе тоқсанда 3 ай болады, оны тәулікпен есептегенде 90 күн болады. *Тоқсан* сөзі осыдан шыққан. Ертеде көктемді *жазғытұры, жазғытұрым, жас тоқсан* деп атаған. Қысты ертеде *желді тоқсан деген*. Қазір ол өзгеріске ұшырап *желтоқсан* түрінде қыс айларының бір атауы ретінде қолданылып жүр.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың бір топ өлеңдері табиғат лирикасына арналған. Солардың бірі – «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» деп басталатын өлеңінде жазғытұры (көктемде) жердің сызы (суық) кеткен соң:

- қара жерге жан бітетіні,
- гүл – бәйшешек шығып, жер бетінің құлпыратыны,
- жыл құстары келіп, қырда торғай, сайда бұлбұл сайрайтыны,
- диқандардың жер жыртып егін егетіні,
- мал төлдеп, шаруаның бір малы екеу болатыны,
- ағарғанның көбейіп, адамдардың көңілі өсетіні,
- қара тастан басқасының бәрінің жадырайтыны,
- күннің тіке түскен сәулесінен, лебінен жер толықсып бусанып, тотықұстай түрленетіні тәрізді жаңғырып, жаңарулар шынайы суреттеледі.

Көк пен жер арасындағы әр жылы қайталанатын бұндай ғажайып құбылыстар «Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты» деп күн мен жер антропоцентристік таным бойынша адам түрінде кейіпteліп, Күн (көк) тәңірі - «ер адам», Жер Тәңірі – «әйел» бейнесінде алынып екеуі қауышады. Көк Тәңірі Жер тәңірін оятып, тіршілік нәрін дарытқанда жер толықсып, түрленеді [Құнанбаев, 1968: 143]. «Көктен жаудырсын, жерден өндірсін» тәрізді бата-тілек осындай көне танымен байланысты қалыптасқан.

Көктемнің бірінші айы наурыздың белгілерін таратып айтқанда қар кеттіп, жер жібірген соң бәйшешек (ерте көктемде, қар толық кетпей жатып-ақ гүлдейді) шығады. *Бәйшешек* атауы «жаңа жылдың белгісіндей болып көрінетін «бірінші, алғашқы гүл» деген мағынаны білдіреді. Бұндай гүлді жергілікті тұрғындар *наурызшешек, наурызгүл, наурызек* дейді.

Қазақ даласын мекендейтін кейбір құстар күз түсіп, күн суыта бастағанда жылы жаққа ұшып кетіп, көктем шыға қайтып оралады. Жыл сайын наурызда жылы жақтан ұшып келіп, жұмыртқалап балапан өргізіп, күзге қарай келген жеріне қайтып кететін қосмекенді құстарды *жыл құстары* деп атайды.

Қараторғай, жылқышы, қарлығаш, ұзақ, тырна, көкек, ләйлек, дегелек, аққу тәрізді жыл құстарының ішінде біреуі наурызек, нәурізек деп аталады. Ел ішінде оны *наурыз торғай, наурызкөк, наурыз құс, көккұс* деп атай береді. Кішкене ғана бұл құс өзге құстардан бұрын қар ери бастағанда-ақ ұшып келеді. Наурызек келген соң-ақ күн суығы қайта бастайды. Ел-жұрт оның келуін жаздың белгісіне санап, күтіп жүреді. Адамдар наурызекті алғаш көргенде: «Наурызкөгім, келдің бе?» деп шақырып, жем шашады. «Наурызек, қайтып келдің бе, анаңның көзі жазылды ма?» деп сұраған. Қазақтар оны бақыт құсына жатқызады [Әлімбай, Уәли, 2017: 505].

Қазақтың мұзбалақ ақыны Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерінде жыл құсына байланысты көпшілікке таныс емес *нау құс* деген сөз кездеседі:

Қарлығашым, келдің бе, қаршығадан саумысың,
Аман-есен жеттің бе, айыр құйрық нау құсым.
Оралдың ба тағы да өзің өскен ұяға.
Оралдың ба, сүйіктім, екеуің де бармысың.
Қарлығашым, бұл қалай, қайда кеткен серігің?

Зияны жоқ зиялым, өкпелетті сені кім? – деп сынарын жоғалтқан қарлығаш туралы айтқанда, *нау құсым* деген атауды «жыл құсы» деген мағынада қолданған [Раушанов, 2007: 32].

Ертеде адамдар жыл құсының келуін түнде ұшқан қанатының суылын естігенде, күндіз өзін көргенде жаңа жылдың белгісі, жаңалық деп қабылдаған. Жыл құсын көргенде онымен адамша тілдесіп, аман-саулық сұрасқан. Амандасу «Самалық! Самалық! деп басталып, яғни «Самалық! Самалық! Көккұс көзін ашты ма, Аяғын жерге басты ма? Самалық! Самалық! Самарқанның көк тасы Жібіді ме, көрдің бе? Қап тауының көккісі Жүгірді ме, көрдің бе? Самалық! Самалық!» дейді.

Жаңа жыл – Наурызда келетін кішкене ғана торғайдың *наурызек, наурызкөк* тәрізді жаңалықпен (*нау*-жаңа; *руз*-күн) байланысты аталатыны тәрізді ертеде жыл құсының жалпылама атауы ретінде самалық деген сөз қолданылған, ол бүрінде ұмыт болған «жаңалық» мағынасындағы көне атау болған тәрізді. Қырғыз тілінде *самалық* «жаңа», «жаңалық», «алғашқы», «бірінші», «бастама» мағыналарында қолданылады.

Осы күнге дейін оңтүстікте жергілікті диқандар енді піскен әңгелекті, қауынды *жаңалық* деп атайды. Олай болса, *самалық* қазіргі қолданылып жүрген *жаңалық* сөзінің байырғы нұсқасы болуы мүмкін. Бұл құбылыс жақсы хабар, жаңалықты жеткізгенде сөзін алыстан айқайлап: «Сүйінші! Сүйінші!» – деп бастайтыны тәрізді қалыптасқан сөз үлгісі болса керек.

Самалыққа байланысты деректер көп кездеспейді. Қазақтың ескі сөздерін жадында жақсы сақтаған ғалым Сейітбек Нұханов *самалық* туралы мынадай этномәдени дерек берген.

«Біздің бала кезімізде, көктем қарсаңында жыл құсы келе бастағанда үлкендер балаларға далаға шығып, жыл құсынан Самалық! Самалық! Көзі жоқ көкала құстың дені сау ма?, - деп сұраңдар,» — деуші еді... Ертеде сол құс біздің Торғай өңіріне жылы жақтан ұшып келіп жұмыртқалап, балапанын өсіріп, өргізіп, күзде өзі келген жылы жағына қайтадан ұшып кетеді екен. Кейінгі замандарда көкала құс қартайып, көзінен айырылып, ұша алмайтын халге жетеді. Күзде егін жинайтын кезде құстар жылы жаққа қайтқанда ауыл үстінен түні бойы тізбек-тізбек болып қанаттары сусылдап, әдемі бір сыңғырлаған әуенмен үздіксіз ұшып өтіп жатады. Осы кезде балалар далаға шығып, «Көзі жоқ көкала құсқа сәлем айт» деп айқайлауға тиіс болатын. Өйткені елден оралаған құстардан көзі жоқ көкала құс: «Ел-жұртым мені сұрады ма?, - деп сұрайтын көрінеді. Егер олар: «Ел-жұртыңыз сізді сұрап жатыр», - десе, көзі жоқ көкала құс күр-дүр сілкініп, марқайып, бір жасап қалады екен»... Бұл құнды деректі кезінде жазып алған қазақтың белгілі тілші-ғалымы Ербол Жанпейісов: «... қазақ тіліндегі, яғни Мағжан өлеңіндегі, «Алпамыс» жырындағы самалық сөзі жалпы жанды-жансыз табиғат жаратындыларының жаңаруымен, жаңғыртуымен, түлеуімен, өсіп-өңделуімен, өркен жаюымен, жаңарумен, жаңалықпен байланысты мағына білдіреді деуге болады» деп тұжырымдайды [Жанпейісов, 2018: 275-276, 279].

Наурызда ара-тұра жауған қарды *ақша қар* дейді. Ол көп жатпайды, тез еріп кетеді.

Бұндай қарды жыл құстарымен байланыстырып *құс қанаты, наурызек қары, тырна қары, дегелек қары, көккарғаның қары, көккарғаның суығы* деп атайды. Ал көккарғаның қары немесе суығы жазғытұрымдағы ең соңғы суық деп саналады. Ол суық сәуір айының екінші жартысында болады. Оңтүстік аймақта көккарғаның суығы өтпей қой қырымы басталмайды [Өмірәлиев, 1977: 634-635].

«Қардың басын қар алар» деген мақал наурыз бен одан кейінгі айда анда-санда жауған қармен байланысты қалыптасса керек.

Құсқанаты наурыздың соңғы аптасына (26-28 наурызға) сәйкес келеді. Атау «құстың қанатымен ілесіп келген қар» деген ұғымды білдіреді.

Жыл құстарының келуі – көктемнің басталғанының символы. Наурыз айын, көктемді, одан кейінгі жаз маусымын жыл құстарына қарап анықтау арқасында «қарлығаш – көктем нышаны», «Дегелек келді, жаз келді», «Дегелек келді, кемпір шешем қыз болды», «Қарға қарқылдаса қысты шақырады, қаз қаңқылдаса жазды шақырады», «Шағала келмей жаз болмас», «Қаз келсе, жаз келер; Қарға келсе қатқақ болар», «Дегелек келсе жаз болар, бала-шаға мәз болар», «Шағала келмей жаз болмас, шаңқан келмей боз болмас» тәрізді мақал мәтелдер қалыптасқан.

Қоғамның жаңғыруы.

Жыл құстары келіп жатқан көктемнің алғашқы айы – наурызда малшы қауым мен диқандардың қарбалас шағы басталады. Наурыздың ортасынан мал жаппай төлдей бастайды. Оны *төл төгіні* деп атайды «Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу» (Абай) болып, қой қоздату науқаны - сақпан басталады. Сақпан науқанында топырлап туып жатқан қозыларды күтуге келген сақпаншылар жаңа туған қозылардың аузын үрлеп, аяғын сырып, шаранасынан ажыратып, жылы орынға орналастырады, енесіне табыстырып ауыздандырады, қорадан

алыстау жерде өріске, жаңа туған қозыларды суықтан аман алып қалу үшін кереғапқа салып, ауылға, үйге әкеледі. Төрт түліктің наурыз айында туған төлін *төлбасы* деп қастерлеп, оны басқаға сыйламаған, сатпаған. Төл төгіні кезінде қонаққа мал соймаған, сыйламаған. Өйткені осындай науқан кезінде пышақ қандап қан шығару өсіп-өркендеу идеясына қайшы келеді.

«Төлсіз тұяқ өспейді», «Түлік төлден өседі» тәрізді мақалдар осындай кезде шаруаның мал басына ерекше күтім жасайтынына байланысты туған.

Ұлан-байтақ қазақ жерінің әртүрлі өңір-аймақтарына көктем әр кезде келеді. Оңтүстік аудандарда «Киіз үйге күн сәулесі түсті – егіншіден тыныштық кетті» деген сөз де, Сырдария бойындағы қазақтар «Үйге үт кірді, егіншіге құт кірді» дегенде жер жыртудың, дән себудің басталатынын айтқан. Үт деп 19 ақпан – 20 наурыз айларына сәйкес келетін, балық шоқжұлдызында орналасқан Үт айы мезгілін айтқан [Кармышева, 2005: 102].

Оңтүстік өңірдің біраз аудандарында жер жырту жаңа жыл – Наурыз күндерімен сәйкес келіп отырғандықтан, жер айдауға диқандар Наурыз мейрамын өткізіп барып кіріскен. Ал, кейбір жылдары көктем ерте келгендіктен егіншілер наурыз мейрамына дейін жерді жыртып болып, арықтарды тазартуға кіріскен, «бұндай жағдайда наурыз көжені жұмыс басына әкеліп жұмыскерлерге ерекше бір ілтипатпен ұсынған» [Кармышева, 2005: 101а].

Наурыз мейрамына дейінгі немесе одан кейінгі күндерде жер жырту күнін ақсақалдар белгілеп, сәтті күндердің бірін (сәрсенбі, сенбі, жексенбі) таңдаған.

Ол үшін жұмыс басталатын күні қадірлі ақсақалдардың бірінің үйінде үлкен тайқазанда жеті түрлі дәмнен *қоскөже* деп аталатын тамақ пісіріліп, оған бүкіл ауыл адамдары шақырылып, дәм татқан. Көженің *қоскөже* деген атауы соқаға қос өгіздің жегілуіне байланысты қалыптасқан. Кейде қоскөжені жұмыс басына әкеліп, сол жерде таратып берген. Наурыз айының ішінде жер жырту науқанына орай дайындалған көжені ішіп болған соң Диқан бабаның аруағына арнап құран оқып, « Диқан баба, қолдай гөр» деп жалбарынған. Қысқасы, *қос көже* – Диқан бабаның аруағына арнап дайындалатын көже, сондықтан оны *құдайы көже* деп атаған. Ауқаттылар бұндай кезде, деректер бойынша, құрбандыққа еркек мал (аталығы) шалған. Ет асылып, құрбандық малдың басы құрметті ақсақалға тартылған. Көженің наурыз айының бойында және 7 түрлі дәмнен дайындалуына байланысты егіншілер оны *наурызкөже* деп атаған. Алайда ол – жаңа жыл, жаңа күн құрметіне, ұлыстың ең қастерлі ұлы күніне емес, егіншілік кәсібіне байланысты қалыптасқан дәстүрлі тағам [Кармышева, 2005: 100-103ә].

Наурыз көже – Наурыз мейрамына, ұлыстың ұлы күніне арналып, жылына бір рет әрбір отбасында дайындалатын көже. Ұлыстың ұлы күнін тойлауға наурыз айындағы күн мен түннің теңелуі негіз етіп алынған, яғни халық астрономдары – есепшілердің есебі бойынша осы жазғытұрымғы теңелу табиғи белгі болып орныққан. Бұл теңелу, табиғаттағы тепе-теңдік кең байтақ қазақ жерінің тропикалық тұсында 22 наурызға тура келеді [Кармышева, 2005: 165б].

Наурыз айының 22-сінде «күн мен түн теңеледі, жұлдыздар теңеседі, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлусары бір түзудің бойында батыс көкжиекке қатар тізіле сап түзеді. Есепшілер аталмыш жұлдыздардың қатар түзуімен күн мен түннің теңелуін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап көк қаулайды. Күн өткен сайын Күн белдеуі (күннің жүретін жолы) көкжиектен жоғарылай түседі» [Уәли, 2023: 126а].

Орта Азия мен қазақ халқында Жаңа жылдың бірінші күнін жазғытұрымғы (көктемгі) күн мен түннің теңелуіне қарап алатын себебі күн мен түннің күзгі теңелуінде (22-24 қыркүйек) табиғаттың түлеп жаңғыру, өсіп-өркендеу нышаны болмайды.

Наурыз көже.

Наурыз мейрамы жақындап, бірер күн қалғанда әрбір отбасы үйінің іші-сыртын , қора-жайын тазалап, ескі-құсқы заттарды, яғни обаданды жинастырып, үйден аулақтау жерге қазылған моғал ошаққа салып өртеп, бетін жауып тастайды. 21 наурыздың кешіне қарай 7 түрлі дәмнің басын қосып, ертеңгі мейрамға қазан толтырылып наурызкөже әзірлейді. Көжені қазанды толтыра дайындау молшылықтың, берекенің символы болып саналады.

Наурыз көжені 7 түрлі дәмнен жасау себебін кейбір зертеушілер халық санасында ежелден келе жатқан 7 әулиені пір тұтумен байланыстырады. Көжеге қосылатын дәннің саны жетіден көп болуы мүмкін, бірақ тек тақ санмен (мысалы 9, 11 сияқты) өлшенеді. Байырғы ұғым бойынша тақ сан тең бөлінбейді, сондықтан ол бүтіндікті білдіреді. Яғни наурызкөженің құрылымын тақ санмен алып, оларды молынан салып пісіру - алдағы алты ай жазда молшылық болсын дегеннің және елдің ынтымағы артып, ауызбірлік, тұтастық болсын дегеннің жоралғысы.

Наурыз көженің бір ерекшелігі – азық пен түліктен қосып пісірілетіндігі. Ертеде *түлік* деп мал және малдан алынатын өнімдерді, атап айтқанда ет, шұжық, қазы, сүт, сүттен дайындалатын айран, құрт, ірімшік тәрізді тағамдарды, ал *азық* деп дәнді дақылдарды астықты (бидай, тары, арпа, сұлы және т.б.) айтса керек. Бүгінде *азық* пен *түлік* жеке қолданылмай, *азық-түлік* деген түрде қосарланып айтылып, ішіп-жейтін тағамдардың жалпы атауы ретінде қолданылып жүр.

Дәм-тағамның екі бөлек түрінің басын біріктіріп пісіру қазақтың тамақтану мәдениетінде маусымдық өзгеріс болатынын, ел-жұрттың ағарғанды жастоқсан мен жазтоқсанда молынан пайдаланылатынын аңғартады. Сондықтан наурызкөже өтпелі кезеңді тұспалайды. Наурызкөжеге үй басы сайын мал сойылмай, соғымнан сақталған етті күннен-күнге көбейіп келе жатқан ағарғанға, былтырғы дәнге қосып, пайдалану осыны аңғартады.

Наурыздың 22-сіне қараған түні жер бетін адамзат пен жер бетіне құт-береке дарытатын Қыдыр Ата аралайды деген наным бойынша ыдыстардың бәрін дәнге, ағарғанға, суға толтырып қояды. Үйткені соларға толы ыдысқа Қыдыр Атаның көзі түссе, мал төлді болып, ақ мол болады, егін бітік шығады деп түсінген. Бұл түнді Қыдыр түні деп атайды. *Қыдыр түні* ұйықтамай Жаңа күнді қарсы алуға тырысады. Ұйықтап қалмау үшін қыздар уыздан *ұйқыашар* деген дәм дайындап жігіттерге ұсынады, жігіттер де қарап қалмай *селт еткізер* деп аталып кеткен әшекей бұйымдар ұсынады.

Наурыз көжеге байланысты аймақтық ерекшеліктер орын алған. Мәселен, кей жерде наурызкөжені Наурыз мейрамынан бастап екі апта бойы тек тақ күндері әрбір отбасы кезектесіп берген [Қазақ совет энциклопедиясы, 1976: 288].

Кейбір аймақта 22 наурыз күні арық-атыздар, алқаптар тазарып, көпір жөнделіп, бұлақ көзі ашылып, ағаштар егіліп жататындықтан үйде дайындалған наурызкөжегі жұмыс басына әкеліп береді. Бұл жағынан Наурыз мейрамы еңбек мерекесі деп саналады [Тоқтабай, 2005: 16].

Қайсыбір аудандарда әр үйден әкелінген көже үлкен бір қазанға (тайқазан) құйылады. Осы тайқазандағы көп үй әкелген наурызкөже үлкен-кішінің бәріне таратылады. Осындай бір қазанға құйылған немесе көп отбасының әйелдері жұмыс басына немесе ауыл жанындағы төбеге алып шыққан көжелер *көпкөже* деп те аталады.

Моңғолия қазақтары наурызкөжені *тілеукөже* деп те қолданады. Бұның да өзіндік себебі бар. Наурызда көпке жаңа тілектер, бата-тілектер айтылады. Онда наурыз тойы күні 40 немесе 41 үйден дәм татып шығу шығу парыз деп саналады [Камалашұлы, Ошанов, 2005: 241].

Ертеректе дәулетті адамдар Ұлыстың Ұлы күніне арнап бүкіл ауыл-аймақ, ат жетер жердегі елді шақырып той өткізген. Бірнеше күнге сөзылатын бұл тойды *Наурыздама* деп атаған. Наурызкөже әр шаңырақта дайындалатын тағам болса, наурыздамада ол аста-төк той тамағына айналған. Бұл туралы деректерді Мәшһр Жүсіп Көпеевтің, Абайдың шығармаларынан кездестіруге болады.

Наурыз мейрамындағы амандасу – көрісу салты.

Ұлыстың ұлы күні – 22 наурызда таңертеңнен үлкен-кішінің бәрі бір-бірімен амандасып, Наурыз мейрамымен құттықтайды. Ертеректе Наурыз мейрамында амандасудың қалыптасқан дәстүрі болған. Оны *көрісу* деп атайды. Бүгінде көрісу салты Қазақстанның көп жерінде ұмыт болып, тек батыс аймақтар мен Түрікменстан, Ресей қазақтарының арасында сақталып, осы уақытқа дейін келе жатыр.

Көрісу деген сөз қазақ тілінде кең ұғымда қолданылады. Атап айтқанда, *көрісу* «амандасу», «кездесу», «қауышу», «табысу», «беттесу», «құшақтау», «құшу», «сыңсу», «жылау», «жоқтау» тәрізді ұғымдарды қамтиды. *Көрісудің* ең басты ерекшелігі – төс түйістіру [Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005].

Ал, *төс түйістіру* – сирек болатын жағдай. Байырғы дәстүр бойынша екі адам анттасып дос болғанда, құда болғанда, ұзатылатын қыздың ағайын-туыстарын аралап қоштасқан кезінде, ұзатылған қыздың артынан іздеп барған ата-ана, бауырларымен сағынышын айтып жылап қауышқанында, кісісі қайтыс болған үйдің ет жақын адамдарына көңіл айтып барғанда төс түйістіріп құшақтасады.

Төс түйістіру адам өміріндегі өтпелі кезеңдерді білдіретін нышан (символ) болған. Атап айтқанда, достасқан адамдардың, құда болғандардың, ұзатылған қыздың әлеуметтік мәртебесінің өзгеруі мен адамның о дүниелік болуы.

Ал, Ұлыстың ұлы күніндегі көрісу ескі жылдың аяқталып, жаңа жылдың басталуын, табиғаттағы ұлы өзгерісті, өзін табиғаттың бір бөлшегі деп санайтын адамдардың өкпе-реніш кешіріп, көңілдерін тазартып, ақжүрегімен жаңа өмірге жаңа тілекпен қадам басуын тұспалдайды.

Наурыз күні (22 наурыз, батыста 14 наурыз) көрісу салты бойынша үлкен-кіші ер адамдар қос қолмен амандасып, құшақтарын ашып барып бір оңға, бір солға кеуделерін тигізіп, одан соң сәл артқа шегінісіп, қос қолдап амандасқан алақандарын айырмастан тағы бір төс соғыстырады. Бұны *қауышу, қауышып амандасу* дейді. «Қауышып амандасу ер-азаматтар үшін ұлттық амандасудың ең құрметті түріне жатады» [Қалиев, Оразаев, Смайылова, 1994: 34].

Төс қағыстырып амандасу – ер адамдар арасында қалыптасқан дәстүр. Әйелдер жағы құшақ жайып амандасады. Төс тигізіп амандасудың тек ер адамдарға қатысты болғандығын зерттеуші Дж. Кармышеваның мынандай этнографиялық дерегінен байқауға болады: «Ойын-сауық түрлері кейде үлкен адамдарды да қамтыған және де олар еркін сипатта ұйымдастырылған. Осындай бір жаңа жылдық ойын туралы біз Сырдариянық орта ағысынан естідік. Информатордың қысқа әңгімесіне қарағанда, бұрындары Наурыз күні әр жерде ойын-сауықтар өткізілетін болған (азырақ, ойын-тамашалар болатұғын). Онда үлкен қайнағалары мен қайынаталарын келіндерімен кездестіріп, әрі құшақтастыру үшін (бұл екі жақтың бір-бірімен беттесіп қалмау салтының қатаң сақталатын кезінде) оларды бір-біріне қарама-қарсы қуатын болған; олар керісінше жаққа қашқан; оларды қуып ұстап, қуып әкеліп, бір-біріне соқтығыстыратын болған («күлкіге қарық болғанбыз» деп бітірді әңгімесін информатор)» [Кармышева, 2005: 98в].

Ұлыс күні кәрі – жас,
Құшақтасып көріскен.
Жаңа ағытқан қозыдай,
Жамырасып өрістен.
Шалдар бата беріскен,
Сақтай гөр деп терістен.
Кел, таза бақ, кел десіп,
Ием, тілек бер десіп,
«Көш, қайрақан, көш» десіп,

Көз көрмеске көш деген Наурыз жырында көріскенде ақсақалдың Тәңірінің жаманшылықтан сақтауын, бақ қонуын тілейтіні, жаманшылық атаулы аласталатыны айтылады.

Көрісуден басталатын бұл күні адамдар кездескенде ең алдымен *Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын!* тәрізді құттықтаулармен бірге «Наурыз – шыр айналған жылдың басы, Адамның өлшенеді өмір жасы» дегендей (халық өлеңі) *Жасың құтты болсын!* деп атап тұрып құттықтайды (өйткені жыл айналып келгенде наурыз әр жасқа өсетін баспалдақ болып саналған) да, ары қарай ары қарай жақсы тілектер жалғаса түседі:

Наурыз құтты болсын!
Жасың құтты болсын!
Өмір жасың ұзақ болсын!
Ұлыс бақты болсын,
Төр түлік ақты болсын!
Ұлыс береке берсін!
Пәле-жала жерге енсін!- дейді...

Қорытынды. Наурызға байланысты атқарылатын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар аз емес. Ел ішінде осыған байланысты наным-сенім, ырым-жоралғылар, өлеңдер, бата тілектер, мақал-мәтелдер көп сақталған. Бұл тәрізді тілдік және тілдік емес деректердің халық тұрмысында молынан кездесуі қазақ үшін Наурыз мейрамының әлеуметтік-мәдени маңызы зор болғанын көрсетеді.

Ұлттық ойындар ойналатын, айтыс ұйымдастырылатын кезде міндетті түрде *жыл өлеңі, жыл айтысы* деген айтыс түрі де өткізіледі.

Наурыз мейрамында, Наурыздамада ел жақсыларының бастары қосылады. Олар жиналған жерде қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, ел мен жер туралы әңгімелер қозғалып, олардың оң шешімін табуға тырысады. Бастары қосылған орайлы кезде «құл құтылар құрықтан, күң құтылар сырықтан» деп қана қоймай, кейбір дәулеттілер жалшы-құлдарын есіктен шығарады, яғни «үш атадан кейін құлдық жоқ» деп, басына бостандық береді. Осындай жағдайға байланысты *құл билігі* деген сөз қалған. Ол: «Басында өз билігі бар ма?» - дегенді білдіреді. Қазақта «құда болмай тұрып, құл билігін сұра, құда болған соң құл да болса сыйла» деген сөз осыған байланысты қалыптасса керек.

ӘДЕБИЕТ

Әлімбай Н., Уәли Н. Наурызек // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстұрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 816 б.

Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. Алматы: Қазақ тілі баспасы, 2018. 352 б.

Камалашұлы Б., Ошанов О. Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқыныңдәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали. Алматы: Арыс баспасы, 2005. 226-242 бб.

Кармышева Дж. Қазақтардың егіншілікке байланысты әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі/ Құрасты. *С. Әжіғали*. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 94-115 бб.

Құрышжанов Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. Алматы: 2001. 471 б.

Құнанбаев Абай. Шығармалары. Екі томдық. 1-том. Алматы: «Жазушы» баспасы, 1968. 319 б.

Қыдырәлин Ү. Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктер // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. *С. Әжіғали*. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 150-174 бб.

Қазақ совет энциклопедиясы. 8-том. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының Бас редакциясы, 1976. 664 б.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 824 б.

Қазақ тілінің синонимдер сөздігі / Құраст. Т.С. *Бизақов, Ә. Болғанбаев, Ш. Дәулетқұлов.* Алматы. «Арыс» баспасы, 2005. 720 б.

Бұралқиев М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 2007. Б. 680.

Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан, 1994. 222 б.

Өмірәлиев Қ. Ай санау дәстүрлері туралы // Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. 712 б.

Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. Алматы: Жазушы, 2007. 256 б.

Тәрбие тағлымдары Табиғатты аялауға арналған тәрбие сағаттарының үлгі-нұсқаулары // *Сәтімбекұлы Р., Ережепова Ғ., Унасбаева Б.* Алматы: «Нұрлы жол» баспасы, 2002. 109 б.

Тоқтабай А. Наурыз // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. *С. Әжіғали*. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 11-22 бб.

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл: әдеби-этнографиялық таным. Құраст. Б. *Әлімқұлов, Е. Әбдіраманов*. Алматы: Санат, 1994. 240 б.

Уәли Н. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз // museum.kz. 2023, №1. 124-130 бб.

REFERENCES

Alimbay N., Uali N. Nauryzek // Traditional Kazakh systema ethnographicorum praedicamentorum, notionum et nominum. Encyclopaedia. Volume 4. Almaty: LLP "Alem Damu Integration", 2017, 816 p. (In Kazakh)

Zhanpeisov E. Kazakh Antiquitatum. Almaty: Kazakh Language Publishing House, 2018, 352 p. (In Kazakh)

Kamalashvili B., Oshanov O. Consuetudines et traditiones Kazakhorum Mongoliae // Consuetudines et traditiones populi Kazakh. Volume 1: De unitate et distinctione / Compilata a. S. Azhigali. Almaty: Arys Publishing House, 2005, pp. 226-242. (In Kazakh)

Karmysheva J. Consuetudines et traditiones Kazakhs ad agriculturam pertinentes // Traditiones et consuetudines populi Kazakh. Volume I: Unitas et Distinctio / Compiled. S. *Azhigali.* Almaty: "Arys" Publishing House, 2005, pp. 94-115. (In Kazakh)

Kuryshzhanov A. Monumenta antiquae scripturae Turkic. Almaty: 2001, 471 p. (In Kazakh)

Kunanbayev Abai. Opera omnia. Duo volumina. Volume 1. Almaty: "Zhazushy" editae domus, 1968, 319 p. (In Kazakh)

Kydyralin U. Peculiarities in consuetudinibus Kazakhorum occidentalium Kazakhstanorum // Traditiones et consuetudines populi Kazakh. Volume 1: De unitate et distinctione / Compilata a. *S. Azhigali.* Almaty: "Arys" Publishing House, 2005, pp. 150-174. (In Kazakh)

Kazakh Soviet Encyclopedia. Volume 8. Almaty: Main Editorial Office of Kazakh Soviet Encyclopedia, 1976, 664 p. (In Kazakh)

Dictionarium regionale linguae Kazakh. Almaty: "Arys" editae domus, 2005, 824 p. (In Kazakh)

Dictionarium synonymorum linguae Kazakh / Compositum a. *T.S. Bizakov, A. Bolganbayev, Sh. Dauletkulov.* Almaty. "Arys" editae domus, 2005, 720 p. (In Kazakh)

Buralkiev M. Dictionarium explanatorium linguae Kazakh. Almaty: School, 2007, 680 p. (In Kazakh)

Kaliev S., Orazaev M., Smayilova M. Consuetudines et traditiones populi Kazakh. Almaty: Rauan, 1994, 222 p. (In Kazakh)

Omiraliyev K. De traditionibus mensium numerandi // *Kenesbayev I.* Dictionarium Phraseologicum linguae Kazakh. Almaty: Science, 1977, 712 p. (In Kazakh)

Raushanov E. Aves amici nostri sunt. Almaty: Scriptor, 2007, 256 p. (In Kazakh)

Lectiones scholasticae. Sample instructiones ad instructiones scholasticas de curanda natura // *Satimbekuly R., Erezhepova G., Unasbayeva B.* Almaty: "Nurly Zhol" editae domus, 2002, 109 p. (In Kazakh)

Toktabai A. Nauryz // Traditiones et consuetudines populi Kazakh. Volume 1: De unitate et distinctione / Compilata a. *S. Azhigali*. Almaty: "Arys" editae domus, 2005, pp. 11-22. (In Kazakh)

Afferte sponsum, virginem nube, habete nuptias: litterariam et ethnographicam scientiam. Compositio. *B. Alimkulov, E. Abdiramanov.* Almaty: Sanat, 1994, 240 p. (In Kazakh)

Wali X. Magna gentis dies - Nauryz// museum.kz. No 1. 2023, pp. 124-130. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Шойбеков Рүстембек Нұсқабекұлы – филология ғылымдарының докторы, ҚР Мемлекеттік орталық музейінің бас ғылыми қызметкері (050051 Алматы қаласы, Самал-1, 44, Қазақстан).

Сведения об авторе: Шойбеков Рустембек Нускабекулы – доктор филологических наук, главный специалист Центрального государственного музея Республики Казахстан (050051 г. Алматы, Самал-1, 44, Казахстан).

Information about the author: Rustembek N. Shoibekov – Doctor of Philology, chief specialist of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (050051 Almaty, Samal-1, 44, Kazakhstan).

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 29.11.2024.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 07.02.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 03.03.2025.

УДК 7.06

ВИЗУАЛЬНЫЕ СТРАТЕГИИ СОВРЕМЕННЫХ МУЗЕЕВ И ИХ РОЛЬ В РЕПРЕЗЕНТАЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ

Ж. Шайгозова[1], Г. Темиртон[2]

[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан)
[2]Центральный государственный музей Республики Казахстан (Казахстан)

Аннотация. Музей сегодня – это не просто хранилище артефактов, а целостное динамично развивающееся и постоянно меняющееся культурное пространство. В организации этого культурного пространства значимое место занимают визуальные стратегии (в частности, дизайн музейного пространства), которые на наш взгляд должны играть существенную роль в вопросах репрезентации национальной идентичности.

В настоящей статье авторы стремились раскрыть современные тенденции визуализации музейного пространства на примере ряда известных музеев и обосновать их роль в формировании культурной идентичности у многочисленных музейных посетителей.

Выяснено, что во многих музеях мира применяется ряд принципов проектирования дизайн-пространства, которые направлены на решение разнохарактерных задач. В первую очередь, эти задачи предполагают тщательное планирование музейного пространства с учетом потребностей аудитории, сочетающие захватывающие визуальные эффекты и глубокий, погружающий в атмосферу контент. Значимое место здесь занимает и такое понятие как «психология пространства», предполагающая не только создание комфортной среды, но и стремление организовать инклюзивные визуальные интерпретации контента, в данном случае репрезентирующие и разные стороны национальной идентичности. Кураторы и дизайнеры разных музеев мира стремятся разрабатывать мета- и микронарративы, которые делают контент глубоко содержательным и способствуют укреплению определенной национально-государственной парадигмы той или иной страны.

Материалы и методы исследования: материалами исследования предстают дизайн-пространство некоторых музеев Казахстана, Тувы, Монголии и других стран, а также научные публикации по исследуемой теме. В статье использован междисциплинарный подход, который позволяет рассмотреть современные визуальные стратегии в контексте теорий метанарратива и визуальных исследований. Метанарратив здесь рассматривается в контексте идей Дж. Брунера об элементах, которые позволяют интерпретировать развитие сюжета. В свою очередь, визуальные исследования для нас являются ключевым ресурсом для многих научных дисциплин, связанных с изображениями, обществом и культурой.

Ключевые слова: музей, визуальные стратегии, современные технологии, идентичность, метанарратив, визуальные исследования, национально-государственная парадигма.

Для цитирования: Шайгозова Ж., Темиртон Г. Визуальные стратегии современных музеев и их роль в репрезентации национальной идентичности // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 50-58. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.05

ЗАМАНУИ МУЗЕЙЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ СТРАТЕГИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛЕНУДЕГІ РЕПРЕЗЕНТАТИВТІК РӨЛІ

Ж. Шайгозова[1], Ғ. Темиртон[2]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан)

[2]ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Бүгінгі күні музей жәдігерлер қоймасы ғана емес, тұтас, қарқынды дамып, үнемі өзгеріп отыратын мәдени кеңістік. Бұл мәдени кеңістікті ұйымдастыруда көрнекі стратегиялар (музей кеңістігін жобалау) маңызды орын алады, бұл біздің ойымызша, ұлттық бірегейлікті бейнелеу әселелерінде маңызды рөл атқаруы тиіс.

Бұл мақалада автор бірқатар белгілі музейлерді мысалға ала отырып, музей кеңістігін визуализациялаудың заманауи тенденцияларын ашып көрсетуге және олардың көптеген келушілер арасында мәдени бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін негіздеуге тырысады.

Дүние жүзіндегі көптеген музейлер әртүрлі мәселелерді шешуге бағытталған кеңістікті жобалаудың бірқатар принциптерін қолданатыны анықталды. Ең алдымен, қызықты көрнекі әсерлер мен терең мазмұнды үйлестіре аудиторияның қажеттіліктерін ескере отырып, музей кеңістігін мұқият жоспарлауды қамтиды. Мұнда маңызды орынды «кеңістік психологиясы» сияқты концепция алады, ол жайлы ортаны құруды ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейліктің әртүрлі аспектілерін білдіретін мазмұнның инклюзивті визуалды интерпретациясын ұйымдастыруға ұмтылуды білдіреді. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген кураторлар мен дизайнерлер мазмұнды терең мағыналы ететін және белгілі бір елдің белгілі ұлттық-мемлекеттік парадигмасын нығайтуға ықпал ететін мета және микронарративті әзірлеуге ұмтылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері: зерттеу материалдары Қазақстан, Тува, Моңғолия және басқа елдердегі кейбір музейлердің дизайн-кеңістігі, сонымен қатар зерттелетін тақырып бойынша ғылыми басылымдар болып табылады. Мақалада метанарративті теориялар мен визуалды зерттеулер контекстінде заманауи визуалды стратегияларды қарастыруға мүмкіндік беретін пәнаралық тәсіл қолданылады. Метанарратив Дж.Брунердің сюжеттің дамуын түсіндіруге мүмкіндік беретін элементтер туралы ойлары аясында қарастырылады. Өз кезегінде, визуалды зерттеулер біз үшін бейнелерге, қоғамға және мәдениетке қатысты барлық ғылыми пәндер үшін негізгі ресурс болып табылады.

Тірек сөздер: музей, көрнекі стратегиялар, заманауи технологиялар, сәйкестілік, метанарратив, көрнекі зерттеу, ұлттық-мемлекеттік парадигма.

Сілтеме жасау үшін: Шайгозова Ж., Темиртон Ғ. Заманауи музейлердің визуалды стратегиялары және ұлттық бірегейленудегі репрезентативтік рөлі // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 50-58 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.05

VISUAL STRATEGIES OF MODERN MUSEUMS AND THEIR ROLE IN THE REPRESENTATION OF NATIONAL IDENTITY

Zh. Shaygozova,[1] G. Temirton[2]
[1]Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan)
[2]Central State Museum of the Republic Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. Museum today is not just a repository of artefacts, but an integral dynamically developing and constantly changing cultural space. In the organisation of this cultural space visual strategies (museum space design) occupy a significant place, which, in our opinion, should play an essential role in the representation of national identity.

In this article, the author seeks to reveal modern trends in the visualisation of museum space on the example of a number of famous museums and to substantiate their role in the formation of cultural identity among their numerous visitors.

It has been found out that many museums around the world apply a number of principles of design space planning, which are aimed at solving different tasks. First of all, the museum space is supposed to be carefully planned taking into account the needs of the audience, combining exciting visual effects and deep, immersive content. A significant place here is taken by such a concept as "psychology of space", which implies not only the creation of a comfortable environment, but also the desire to organise inclusive visual interpretations of content, in this case representing different aspects of national identity. Curators and designers of different museums around the world strive to develop meta- and micro-narratives that make the content deeply meaningful and contribute to the strengthening of a certain national-state paradigm of this or that country.

Materials and methods of research: the materials of the study are the design space of some museums in Kazakhstan, Tuva, Mongolia and other countries, as well as scientific publications on the topic under study. The article uses an interdisciplinary approach, which allows us to consider contemporary visual strategies in the context of theories of metanarrative and visual studies. Metanarrative is considered here in the context of J. Bruner's ideas about the elements that allow interpreting the development of a story. In turn, visual studies for us is a key resource for all scientific disciplines related to images, society and culture.

Keywords: museum, visual strategies, modern technologies, identity, metanarrative, visual studies, nation-state paradigm.

For citation: Shaygozova Zh., Temirton G. Visual strategies of modern museums and their role in the representation of national identity // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 50-58. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.05

Введение. Музеи многих стран мира уже давно кардинально отличаются от традиционных музеев с артефактами за стеклом. То есть «старая схема коммуникации, когда посетитель музея читает описания «немых» экспонатов, находящихся под стеклом витрин, пребывая во внедиалоговом состоянии с объектом, во многом уже давно устарела» [Гиниятова, Ройз, 2013: 297]. Современный музей должен идти в ногу со временем, быть интерактивным, предоставлять возможность взаимодействовать со всем окружением, отличаться многообразием применяемых технологий и, разумеется, отражать интересный и содержательный контент.

По мнению итальянских специалистов, «музеи все чаще превращаются в гибридные пространства, где виртуальная (цифровая) информация сосуществует с материальными артефактами» [Dal Falco, Federica & Vassos, Stavros, 2017:3975]. То есть музей XXI века – это пространство, гармонично сочетающее материальные артефакты и цифровой формат предоставления информации с опорой на потенциал и силу визуального.

Влияние визуальных факторов на человека неоспоримо. О силе интерпретации визуальных данных написано много научных трудов в области физиологии, психологии и др. наук. В них часто подчеркивается, что визуализация (наглядное представление) способствует мгновенному пониманию информации, облегчает процесс коммуникации и повышает

вовлеченность аудитории в тот или иной контекст. Думается, что одной из важных задач дизайна и современного музейного пространства должна заключаться в «разворачивании» мета- и микронарративов, скрытых внутри артефактов и, связанных с ними явлений, понятий и концепций. Ведь, сам артефакт сегодня уже может восприниматься не только как самостоятельная единица, но может быть включен и в более широкий музейный визуальный контекст, как один из возможных форм репрезентации историко-культурных знаний.

Целью настоящей статьи является стремление раскрыть современные визуальные стратегии музейного пространства на примере ряда известных музеев и обосновать их роль в формировании культурной идентичности всех категорий посетителей.

Түркістан оазисіндегі тас дәуіріне және сол кезеңнің археологиялық ескерткіштеріне кеңінен тоқталдық. 1993-2000 жж. А.П.Деревянко және Ж.Таймағамбетовтың жетекшілігімен Қазақстан-Ресей біріккен археология экспедициясы Түркістаннан 18-30 км қашықтықта орналасқан Қосқорған және Шоқтас елді-мекендерінің жанынан тас дәуірінің ескерткіштерін зерттейді. Ғылымда Қосқорған 1-2, Шоқтас 1-5 атауларымен белгілі бұл тұрақтарда адамдар полеолит кезеңінде, яғни, б.з.д. 522-501 мыңыншы жылдардан б.з.д. 448-427 мыңыншы жылдар аралығында өмір сүрген [Деревянко және т.б., 2000: 3-155.]. Оқушылар музей-қорықтың қорында сақтаулы тұрған тас дәуірінің жоғарыда аталған қоныстардан табылған тарихи жәдігерлер мен адамдардың алғаш ең алғаш қолданған тастан жасалған еңбек құралдарымен танысты. «Қолмен ұстауға болады» деген тақырыпта тас және қола дәуірінің археологиялық жәдігерлерін өз қолдарымен ұстап көрді (1-ші сурет).

Өлкеде қола дәуірінің археологиялық ескерткіштері деп Шербай және Шыпан қорымдары айтамыз. Шербай қорымына 2000 жылы ТАЭ Түркістан археолоиялық экспедициясы зерттеу жүргізіп, мұнда б.з.д. XYI – XII ғғ. өмір сүрген адамдар жерленгендігі анықталып, 300-ге тарта қыштан, металдан жасалған жәдігерлер табылып зерттелген [Тұяқбаев, 2002: 82-85]. Аталмыш қорымдар жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары мен олардың зерттеу нәтижелері келесі сабақтардың тақырыбына айналды.

«Әзірет Сұлтан» музей-қорығына қарасты тарихи-мәдени ескерткіштер 3 типологиялық түрге бөлінеді: 1) Сәулет-құрылыс ескерткіштері; 2) Археологиялық ескерткіштер; 3) Киелі оъектілер. 2016 жылы жарыққа шыққан «Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер» жинағында Түркістан өңіріндегі археологиялық ескерткіштер бөліміне енген 61 қала мен қоныстар 4 кезеңге бөлініп сипатталады: 1. Ерте ежелгі дәуір ескерткіштері (б.з.д. VI–б.з.д. I ғғ.), 2. Кейінгі ежелгі дәуір ескерткіштері (б.з.д. I–б.з.д. IV-V ғғ.), 3. Ерте және дамыған ортағасырлар ескерткіштері (V–XV ғғ.), 4. Кейінгі ортағасыр ескерткіштері (XV–XVIII-XIX ғғ.) [Әубәкір, 2016: 34-111].

1996-2019 жж. Түркістан археологиялық экспедициясы Түркістан оазисіндегі 59 қала мен қонысты зерттеуі нәтижесінде бұрын ғылымға белгілі де, белгісіз 38 ежелгі заман (б.з.д. VI-V ғғ. – б.з. VI-VIII ғғ.) ескерткіштерін анықтаған болатын [Тұяқбаев, Тұрсынов, 2024: 113]. Сол ескерткіштер мен археологиялық нысандардағы зерттеулер туралы жекелеген лекциялар ұйымдастырылды. Жеке тақырып ретінде Сауран археолоиялық сәулеттік кешенінде, Ясы-Күлтөбе және Ескі Түркістан қала жұртында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары туралы дәрістер оқушылардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Оқушыларға арналған үйірме сабақтарының практикалық бөлімінде «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының қорғау аймағында орналасқан XVI-XIX ғғ. жататын Хан Ордасы сәулет құрылыс нысанында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде аршылған тұрмыстық бөлмелер мен оның құрамдас бөліктері, музейлендірілген мәдени қабаттармен танысты. Ясы-Күлтөбе қалашығындағы далалық археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған ескі қала орны мен ортағасырлық Сауран қаласына танымдық экспедиция ұйымдастырылды. Саурандағы ашық аспан астындағы музейге айналдырылған XY-XYI ғасырлардың мәдени қабаты саналатын мешіт, ханака, медресе, қорғаныс қамалдарының құрылысын тамашалады.

«Жас реставратор» үйірмесі біріңғай практикалық сабақтардан тұрды. Бірінші сабақ реставрация ғылымының маңызы мен археологиялық қазба нәтижесінде табылған тарихи-мәдени мұраларды сақтауда, зерттеуде, оны насихаттауда реставратордың атқаратын қызметі туралы айтылды. Арнайы жасалған қорапқа құм толтырып, оған оқушылар үйірме барысында өздері қалпына келтіретін сынық құмыралар мен археологиялық қазбада табылатын тұрмыстық және басқа да археологиялық жәдігерлерді көміп қойдық. Үйірме қатысушылары кәсіби археологтар секілді қазба барысында қолданатын құрадар (қалақтар, щеткалар) арқылы жәдігерлерді топырақ астынан аршып алды (2-ші сурет). Жұмыстың келесі сатысы ретінде аршылып алынған керамика қалдықтарын топырақ шаңнан тазалап жуып кептірді. Музей-қорықтың реставратор мамандарының нұсқауымен табылған жәдігерге екінші өмір сыйлауға көшті. Аршып алынған жәдігердің бөліктерін желімдеп, табылмаған бөліктерінің ішкі жағына ермексазбен қалыбын жасап алып оның сыртын гипспен толықтырып, оны кептіріп тегістеу секілді әдіспен жәдігерді барынша түпнұсқаға жақындатып қалпына келтіреді. Гипстері кеуіп дайын болған құмыраның сыртын түпнұсқа түсіне бояп әзірлейді.

Үйірме сабақтары барысында оқушылардың дәрістерді меңгеруі мен үйірме сабақтарына қызығушылығы үнемі бақылауда болды. Әр сабақтан соң оқушылар таратылған параққа сабақта алған әсерлері мен сабақ өтудегі өзгеше әдіс-тәсілдері туралы жазып отырды. Бұл әдісті қолдануымыздағы басты себеп, оқушылардың біз ұсынып отырған сабақ өту әдіс-тәсілдерімізді жетілдіруге, коммуникацияның өзгеше түрлерін қолдануға мүмкіндік береді. Нәтиже де жаман болмады. Бір оқушыдан келесі сабақта тик-ток видео түсіру туралы ұсыныс түсті. Үйірмеден үйрендім айдарымен музей-қорықтың әлеуметтік желідегі парақшасына арнап танымдық видео түсіруді бастады. Бір оқушы керамикалық құмыралардың қалпына келтіру процесі туралы баяндаса, енді бірі Түркістан өлкесінен табылған жәдігерлер туралы айтып шықты. Түркістан қаласынан 30 шақырым жерде орналасқан тас дәуірінің ескерткіштері Шоқтас және Қоскорған қоныстарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары туралы видеомызды мектептердің тарих пәні мұғалімдері өз сабақтарында қосымша құрал ретінде қолдану практикасы іске асты. Әрине оқушы тарапынан жасалған ұсыныстың тарихи жәдігерлер мен археологиялық ескерткіштерге деген қызығушылықты арттыруда қосқан үлесі осы тұста өте үлкен деп санаймыз.

Музей-қорықта ұйымдастырылған «Жас археолог» және «Жас реставратор» үйірмелерінің ұзақтығы 90 академиялық сағатқа созылды. Үйірмені аяқтаған оқушыларға музей әкімшілігінен арнайы сертификаттар табысталды (3-ші сурет). Оқушылар үйірме барысында өткен археологиялық ескерткіштердің бірін таңдап, сол тақырып бойынша музей қызметкерлері алдында презентация түрінде қорғап шықты. Яссы-Күлтөбе, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Хан мешіті мен Сауран қаласы туралы зерттеген оқушылардың өзіндік жұмыстарын ерекше атап өту керек. Аталған әр нысан бойынша оның тарихы, онда жүргізілген археологиялық зерттеулер мен қазіргі жай-күйі туралы мектеп оқушысына лайықты зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оқушылардың әр тақырып бойынша тыңғылықты ізденістері мен ол нысандарды насихаттауда алға тартқан ұсыныстары салмақты болып шықты. Мектептегі пән мұғалімдері үшін алдағы уақытта тарих және өлкетану секциялары бойынша өтететін оқушылар арасындағы ғылыми жоба жарыстарына дайын кейс бола алды.

Қазіргі музейлердің білім беру қызметін оның мектеппен өзара әрекеттесуі негізінде қамтамасыз ету үшін мына ұстанымдарды пайдалану қажет: – музей жинақтарының қоғамның кез келген әлеуметтік және кез келген жастағы топтары үшін ашықтығы және қолжетімділігі; – музей экспозициясында өткен дәуірлердің тарихи-мәдени куәлары – музей ескерткіштерінде бейнеленген дүние келбетінің көрініс табуы; – музей көрмесінің диалогтілігі (өткен мен бүгіннің арасындағы, ескерткіш пен келуші арасындағы, музей қызметкері мен мұғалім, оқушы арасындағы, т.с.с. диалог) [Егізбаева, Жұматаев, 2012: 67].

Қорытынды. Біздің музей-қорықта ұйымдастырылатын үйірме жұмыстарының тарихи-мәдени мұраларды насихаттаудағы орны айрықша. Үйірме жұмыстарын үйлестіруде музейдің білім беру функциясына мектептің дәстүрлі педагогикалық әдістері қолданылды:

үйірмеге қатысушы оқушылардың сабаққа тұрақты қатысуын назарда ұстау; әр оқушымен кері байланыс жасап отыру; оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға түрлі тапсырмалар беру арқылы үйірме тақырыптарын барынша меңгерту. Музей-қорық қорындағы жәдігерлерді үйірме сабақтарында пайдалану басты құралымыз болды. Оқушылардың қатысуымен әлеуметтік желідегі парақшаларымызда барынша насихат жұмыстары жүргізіліп отырды.

Ағымдағы жылдан бастап «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығында құрылымдық өзгерістер болды. Арнайы музей педагогикасы бөлімі құрылып оқушыларға арналған үйірме жұмыстарына жаңа дем берді. «Жас археолог», «Жас реставратор» үйірмелерімен қатар «Жас экскурсовод» үйірмесінің бағдарламасын бекіттік. Музей-қорық мамандарының мектеп оқушыларымен тарихи-мәдени мұраларды насихаттаудағы жұмыстардың әдістемелік нұсқаулықтар даярлануына мүмкіндік ашылды.



Сурет 1. Мектеп оқушыларымен үйірме сабағын өткізу сәті. Фото А. Тұрсынов



Сурет 2. Музейлік археология және реставрация үйірме сабағы. Фото А. Тұрсынов

ӘДЕБИЕТ

Әубәкір Ж.М. Түркістан өңіріндегі тарихи-мәдени ескерткіштер: деректі тарихи-танымдық жинақ. Алматы. 2016. 34-111 бб.

Деревянко А.П., Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К., Исабеков З.К., Рыбалко А.Г., Раннепалеолитические микроиндустриальные комплексы в травертинах Южного Казахстана. Новосибирск. 2000. С. 3-155.

Егізбаева М., Жұматаев Р. Музей педагогикасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2012. 65-67 бб.

Кетова Л.М. Музейная педагогика как инновационная педагогическая технология. Екатеринбург. Россия. 2012. С. 16.

Медведева Е.Б. Музейная педагогика в Германии и России: История и современность. Учебное пособие. М.: АПРИКТ, 2003. С. 92.

Тұяқбаев М.Қ. Қола дәуірінен жеткен ескерткіш // Ясауи универтитетінің хабаршысы. Түркістан. 2002. №3. 82-85 бб.

Тұяқбаев М.Қ., Тұрсынов А.Х. Ұлы жібек жолы бойындағы Түркістан шұраты қалалары. Turkic historical studies. № 3. 2024. Б. 113.

REFERENCES

Aubakir Zh.M. Monumenta historica et culturalia in regione Turkestania: collectio documentalis historica et scholastica. Almaty. 2016, pp. 34-111. (In Kazakhstan)

Derevyanko A.P., Petrin V.T., Taymagambetov Z.K., Isabekov Z.K., Rybalko A.G. Primae complexiones microindustriales Palaeolithicae in travertinis Kazakhstanorum Australium. Novosibirsk. 2000, pp. 3-155. (In Russian)

Egizbayeva M., Zhumatayev R. Museum paedagogium: artem. Almaty: Kazakh University. 2012, pp. 65-67. (In Kazakh)

Ketova L.M. Paedagogia musei quasi technicae artis paedagogicae. Yekaterinburg, Russia. 2012. P. 16. (In Russian)

Medvedeva E.B. Museum paedagogium in Germania et Russia: Historia et modernitas. Textus. M.: APRICT. 2003. P. 92. (In Russian)

Tuyakbayev M.K. Monumenta aenea // Bulletin of Yasawi University. Turkestan. 2002. No. 3. pp. 82-85. (In Kazakh)

Tuyakbayev M.K., Tursynov A.Kh. Civitates Turkestane per magnam viam sericum. Turcica studia historica. No. 3. 2024. P. 113. (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Тұрсынов Ағаділ Хазретәліұлы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи мәдени қорық-музейі (53а үй, Әмір Темір көш., 161200 Түркістан, Қазақстан Республикасы). Тарихи ескерткіштерді қорғау инспекторы. https://orcid.org/0009-0006-1271-9698. E-mail: turkistan@bilge.kz

Сведения об авторе: Турсынов Агадил Хазреталиевич – Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азирет Султан» (д. 53а, ул. Амир Темир, 161200 Туркестан, Республика Казахстан). Инспектор охраны исторических памятников. https://orcid.org/0009-0006-1271-9698. E-mail: turkistan@bilge.kz

Information about the author: Agadil K. Tursynov – «Azret Sultan» National Historical and Cultural Reserve-Museum (Amir Temir St. 53a, 161200 Turkestan, Republic of Kazakhstan). Inspector of historical monuments protection. https://orcid.org/0009-0006-1271-9698. E-mail: turkistan@bilge.kz

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.02.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 05.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.

ӘОЖ 7.033.3…8

ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІ МЕН ТАЙҚАЗАН ЖАЗУЛАРЫНДАҒЫ МОРАЛЬ МЕН ЭТИКА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НАУРЫЗ ФИЛОСОФИЯСЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ә.С. Моллақанағат
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен «Тайқазан» эпиграфикасындағы моральдық-этикалық ұстанымдар талданып, олардың өзара сабақтастығы қарастырылады. Ясауи мұрасы түркі-мұсылман өркениетінің рухани-этикалық негізін қалыптастырып, адамның ішкі кемелденуін, әділеттілік пен ізгілікті насихаттайды. Ал «Тайқазан» эпиграфикалық жазуларында исламдық құндылықтар мен қоғамдағы этикалық нормалар көрініс тапқан. Мақалада осы екі мәдени-рухани мұрадағы ортақ аксиологиялық қағидалар анықталып, олардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлі сарапталады. Сондай-ақ, Ясауи ілімінің қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығы мен оның этикалық нормаларының бүгінгі заман талаптарымен қаншалықты үйлесетіні зерделенеді. Сонымен қатар, мақалада «Наурыз» мерекесі мен Ясауи хикметтері және Тайқазан жазулары арасындағы байланыс қарастырылады. Наурыз – бірлік, татулық, жомарттық, рухани жаңару сияқты құндылықтарды дәріптейтін мереке. Бұл ұстанымдар Ясауи ілімі мен «Тайқазан» эпиграфикасында да көрініс тапқан. Ясауи мұрасындағы рухани тазару, қайырымдылық, сабыр мен шынайылық қағидалары «Наурыз» мерекесінің мәнімен үйлеседі. Қазіргі қоғамдағы рухани-адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуда Ясауи хикметтері мен «Тайқазан» эпиграфикасының маңызы зор. Бұл мұралар әділеттілік, адалдық, мейірімділік, рухани тазалық сияқты қағидаларды дәріптеп, жастар тәрбиесі мен этикалық білім беруде маңызды рөл атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеуде Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен «Тайқазан» эпиграфикасындағы моральдық-этикалық қағидалардың сабақтастығы қарастырылады. Жұмыста тарихи-филологиялық, эпиграфикалық, компаративистикалық, контент-талдау, аксиологиялық және семиотикалық әдістер қолданылды. Зерттеу материалдары: Қожа Ахмет Ясауидің Диуани Хикмет еңбегі, Тайқазан эпиграфикалық жазулары, Түркі-ислам мәдениетіне қатысты ғылыми еңбектер, Сопылық поэзия мен этикаға арналған академиялық зерттеулер, Бұл әдістер арқылы хикметтер мен «Тайқазан» жазуларындағы моральдық-этикалық қағидалар анықталып, олардың қазақ мәдениеті мен қазіргі қоғамдағы маңызы зерделенді.

Тірек сөздер. Қожа Ахмет Ясауи, Диуани Хикмет, рухани кемелдену, шынайылық және адалдық, исламдық ахлақ, түркілік мәдениет.

Сілтеме жасау үшін: Моллақанағат Ә.С. Ясауи Хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы мораль мен этика және олардың Наурыз философиясымен байланысы // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 88-94 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.10

МОРАЛЬ И ЭТИКА В ХИКМЕТАХ ЯСАУИ И НАДПИСЯХ НА ТАЙКАЗАНЕ И ИХ СВЯЗЬ С ФИЛОСОФИЕЙ НАУРЫЗА

А.С. Моллаканагат
Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» (Казахстан)

Аннотация. В статье анализируются морально-этические принципы в мудрости Ходжи Ахмета Яссави и эпиграфике «Тайказана», а также рассматривается их взаимосвязь. Наследие Яссави легло в основу духовной и этической основы тюрко-мусульманской цивилизации, способствует внутреннему совершенству человека, справедливости и добру. Эпиграфические надписи «Тайказана» отражают исламские ценности и этические нормы в

обществе. В статье выявляются общие аксиологические принципы в этих двух культурных и духовных наследиях, анализируется их социокультурная роль в обществе. В статье также рассматривается значение учения Яссауи в современном казахском обществе и то, насколько его этические нормы соответствуют современным требованиям. Кроме того, в статье рассматривается связь праздника «Наурыз» с мудростью Ясави и надписями «Тайказана». Наурыз - праздник, прославляющий такие ценности, как единство, мир, щедрость и духовное обновление. Эти принципы также отражены в учении Яссави и эпиграфике «Тайказан»а. Принципы духовного очищения, милосердия, терпения и искренности в наследии Ясави созвучны сути праздника «Наурыз». Мудрость Ясави и эпиграфика «Тайказана» имеют большое значение в возрождении духовных и нравственных ценностей в современном обществе. Эти наследия играют важную роль в воспитании и этическом образовании молодежи, пропагандируя такие принципы, как справедливость, честность, доброта и духовная чистота.

Материалы и методы исследования. В данном исследовании рассматривается преемственность морально-этических принципов в мудрости Ходжи Ахмета Яссави и эпиграфике «Тайказана». В работе использованы историко-филологический, эпиграфический, сравнительный, контент-аналитический, аксиологический и семиотический методы. Материалы исследования: труд Ходжи Ахмета Ясави «Дивани Хикмет», эпиграфические надписи «Тайказана», научные труды, связанные с тюрко-исламской культурой, академические исследования по суфийской поэзии и этике. С помощью этих методов были выявлены морально-этические принципы в хикметах и тайказанских надписях, изучено их значение в казахской культуре и современном обществе.

Ключевые слова: Ходжа Ахмед Ясави, Дивани Хикмет, духовное совершенство, искренность и честность, исламская мораль, тюркская культура.

Для цитирования: Моллаканагат А.С. Мораль и этика в Хикметах Ясауи и надписях на Тайказане и их связь с философией Наурыза // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 88-94. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.10

MORALITY AND ETHICS IN YASAWI'S HIKMETS AND THE INSCRIPTIONS ON THE TAYQAZAN AND THEIR CONNECTION WITH THE PHILOSOPHY OF NOWRUZ

A.S. Mollakanagat
National Historical and Cultural Museum-Reserve "Azret Sultan"
(Kazakhstan)

Abstract. The article analyzes the moral and ethical principles in the wisdom of Khoja Ahmed Yasawi and the epigraphy of "Taikazan", and considers their relationship. The legacy of Yasawi constitutes the spiritual and ethical basis of the Turkic-Muslim civilization, promoting the inner perfection of man, justice and goodness. The epigraphic inscriptions of "Taikazan" reflect Islamic values and ethical norms in society. The article identifies common axiological principles in these two cultural and spiritual legacies, analyzes their socio-cultural role in society. The article also considers the significance of Yasawi's teachings in modern Kazakh society and the extent to which his ethical standards meet modern requirements. In addition, the article considers the relationship of the "Nauryz" holiday with the wisdom of Yasawi and the inscriptions of "Taikazan". Nauryz is a holiday glorifying such values as unity, peace, generosity and spiritual renewal. These principles are also reflected in the teachings of Yasawi and the epigraphy of "Taikazan". The principles of spiritual purification, mercy, patience and sincerity in the heritage of Yasawi are consonant with the essence of the holiday "Nauryz". The wisdom of Yasawi and the epigraphy of "Taikazan" are of great importance in the revival of spiritual and moral values in modern society. These legacies play an important role in the upbringing and ethical education of youth, promoting such principles as justice, honesty, kindness and spiritual purity.

Materials and research methods. This study examines the continuity of moral and ethical principles in the wisdom of Khoja Ahmed Yasawi and the epigraphy of "Taikazan". The work uses historical-philological, epigraphic, comparative, content-analytical, axiological and semiotic methods. Research materials: the work of Khoja Ahmed Yasawi "Divani Hikmet", epigraphic inscriptions of "Taikazan", scientific works related to the Turkic-Islamic culture, academic research on Sufi poetry and ethics. With the help of these methods, moral and ethical principles in the hikmats and "Taikazan" inscriptions were identified, their significance in Kazakh culture and modern society was studied.

Keywords: Khoja Ahmed Yasawi, Divani Hikmet, spiritual perfection, sincerity and honesty, Islamic morality, Turkic culture.

For citation: Mollakanagat A.S. Morality and ethics in Yasawi's Hikmets and the inscriptions on the Tayqazan and their connection with the philosophy of Nowruz // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 88-94. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.10

Кіріспе. Қожа Ахмет Ясауи сияқты ірі тұлғаның өмірі, туып-өскен, тәлім-тәрбие алған ортасы, ислам діні тарихындағы орны, сол діннің уағыздары арқылы білдірген идеологиясы танымдық та, ғылыми да тұрғыдан кеңінен сөз болып келеді. Бұл жөнінде том-том еңбектер, құнды-құнды мақала-очерктер жазылды, жазылып та жатыр [Сыздықова, 2014: 6]. Қазақ руханияты мен мәдениетінде Қожа Ахмет Ясауи мұрасының орны ерекше. Оның «Диуани Хикмет» еңбегі түркілік сопылық дүниетанымның қалыптасуына ықпал етіп, қоғамның моральдық-этикалық негіздерін айқындады. Ясауи ілімі адамның ішкі кемелденуін, рухани тазаруын және әділеттілік пен ізгілікті басты құндылықтар ретінде ұстануды насихаттады. Бұл еңбекте берілген даналық сөздер түркі-мұсылман өркениетінің аксиологиялық жүйесін айқындап, этикалық парадигманың қалыптасуына ықпал етті. Сонымен қатар, Ясауи дәуіріндегі маңызды мәдени мұралардың бірі – Тайқазан. Бұл жәдігердің сыртындағы эпиграфикалық жазулар мен ою-өрнектер исламдық құндылықтар мен адамгершілік қағидаларын бейнелейді. Тайқазан тек материалдық мәдениеттің үлгісі ғана емес, символдық мәнге ие сакральды артефакт ретінде де қарастырылады. Оның безендірілуіндегі каллиграфиялық өрнектер мен араб-парсы жазулары сол кезеңдегі рухани-идеялық ұстанымдарды бейнелейді және қоғамдағы этикалық нормалар мен моральдық құндылықтардың айнасы ретінде қызмет етеді.

Бұл мақалада Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тайқазан эпиграфикасындағы моральдық-этикалық ұстанымдар талданып, олардың өзара сабақтастығы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – осы екі мәдени-рухани мұрадағы ортақ аксиологиялық қағидаларды анықтау, олардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени рөлін сараптау және заманауи құндылықтармен үндестігін бағамдау. Сонымен қатар, Ясауи ілімінің қазіргі қазақ қоғамындағы маңыздылығын айқындап, оның этикалық нормаларының бүгінгі заман талаптарымен қаншалықты үйлесетінін зерделеу.

Нәтижелер және талқылау. Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі мораль мен этика. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері түркі-мұсылман өркениетіндегі моральдық-этикалық қағидалардың көрінісі ретінде ерекше маңызға ие. Оның сопылық поэзиясы – адамның ішкі жан дүниесін кемелдендіруге, рухани тазару арқылы қоғамдағы моральдық нормаларды сақтауға бағытталған. Ясауи ілімінде адамгершілік, әділеттілік, сабырлылық, шынайылық және жан-дүниенің жетілуі басты құндылықтар ретінде насихатталады. Бұл қағидалар ахлақ философиясы, сопылық этика, аксологиялық концепциялар аясында қарастырылады.

Хикметтер – исламдық мистицизмнің негізгі компоненттерін қамтитын, дін мен дүниенің, рухани жетілу мен адамгершіліктің өзара үйлесімін сипаттайтын моральдық-дидактикалық шығармалар. Ясауи хикметтерінде төмендегідей негізгі моральдық-этикалық принциптер айқын көрініс тапқан:

Шынайылық және адалдық. Қожа Ахмет Ясауи адамның ішкі ниеті мен сыртқы әрекеттерінің үйлесімділігін басты ұстаным ретінде қарастырады. Ол «Диуани Хикметте» екіжүзділіктен, жалғандықтан сақтануды ескертеді. Шынайылық – тұлғаның рухани

тазалығы мен имани кемелденуінің негізгі көрсеткіші. Бұл сопылықтағы «ихлас» ұғымымен тығыз байланысты. Ясауи әділеттілік пен адалдықты ислам ахлақындағы негізгі ұстаным ретінде сипаттап, адамдарды әділдікке, туралыққа, өтірік пен қулық-сұмдықтан аулақ болуға шақырады. Мысалы, Диуани Хикметте ең көп айтылған құндылық адалдық құндылығы болды. Хикметтердегі адалдықтың құндылығы – шыншыл болу мен дұрыс әрекет етумен байланысты. Қожа Ахмет Ясауи өтірік айтудың жамандығынан шәкірттерін шындыққа жетелеуге тырысты. Ол бір хикметінде:

Хаққа ғашық болып айтты, Құл Қожа Ахмет,
Шын ниетпен естігенге жүз мың рахмет,
Дұға қылайын көрмесін ол бейнет, зақымет,
Есті болсаң бір сөзбенен ада қылдым [Кенжетаев, 2022: 177] деп, шын ниетпен, тыңдағандарға алғысын білдіреді. Және тағы бір хикметінде:
Адалдықпен қабыл қылса әркім мұны,
Ықыласымен болса, егер, түні-күні,
Жадыменен айналысса жылдар түні,
Жарандардан медет күтіп жүрмек керек [Кенжетаев, 2022: 223] деп шыншылдықты бірінші кезекке қояды.

Сабыр мен төзімділік. Сопылық ілімде сабырлылық (араб.: «сабр») адамның өзін-өзі бақылау қабілеті мен тағдырға мойынсұну қасиеті ретінде қарастырылады. Ясауи сабырды рухани кемелдікке жетудің басты шарты ретінде атап өтеді. Оның көзқарасы бойынша, кез келген қиындыққа төтеп беру – иманның беріктігі мен адамның рухани деңгейін айқындайтын маңызды фактор. Сабырсыздық пен шыдамсыздық адамның ішкі үйлесіміне және оның қоғамдағы орнына кері әсер етеді.

Рухани тазару және жан дүниені кемелдендіру. Ясауи ілімінде адамның өзін-өзі жетілдіруі нәпсіні тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Бұл процесс «тасфия ан-нафс» (нәпсіні тазарту) және «тазкия ан-нафс» (нәпсіні тәрбиелеу) ұғымдарымен түсіндіріледі. Хикметтерде адамның материалдық құмарлықтардан арылып, рухани деңгейге көтерілуі насихатталады. Бұл тұрғыда, Ясауи шәкірттеріне зухд (дүниеден безу) және риазат (өзін-өзі шектеу) принциптерін ұстануды үйретеді.

Қайырымдылық пен мейірімділік. Исламдық этикада «ихсан» (ізгілік жасау) және «садақа» (қайырымдылық) ұғымдары ерекше мәнге ие. Ясауи еңбектерінде әлеуметтік әділеттілікке, қоғамдағы әлсіздер мен мұқтаж жандарға көмектесуге баса назар аударылады. Ол кедейлерге жәрдем беруді, жетім-жесірлерге қамқор болуды адамның имани кемелдігінің айқын белгісі ретінде сипаттайды. Сопылық жолда мейірімділік – рухани тазалықтың және адамзаттық этиканың басты көрінісі болып табылады.

Қожа Ахмет Ясауи хикметтеріндегі моральдық-этикалық қағидалар исламдық ахлақ пен түркілік мәдени құндылықтардың синтезі ретінде қарастырылады. Оның іліміндегі этикалық нормалар қазіргі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтпаған. Ясауидің рухани-дидактикалық өсиеттері адамның ішкі жан дүниесін кемелдендірумен қатар, оның қоғамдық өмірдегі орнын айқындайтын маңызды фактор болып табылады. Осы тұрғыда, Ясауи мұрасы – тек тарихи-мәдени жәдігер ғана емес, рухани құндылықтарды сақтауға және жаңғыртуға бағытталған мәңгілік ілім.

Тайқазан жазуларындағы Құран аяттарының этикалық мәні. Зерттеушілер тайқазанды Әмір Темірдің кезеңімен байланыстырып қарайды. Бұл өте орынды да, дұрыс көзқарас. Мұны жоққа шығару тарихи фактілерді бұрмалау және өте үлкен қателік болар еді. Қазанның Қожа Ахмет Ясауи қабіріне арнап жасалғаны нақты деректен, оның тұлғасындағы жазулардан айқындалады. Ал ғылыми зерттеулерде қазанның қойылу себептері Қожа Ахмет Ясауи қабіріне арнап жасалуымен шектеледі. Осы тайқазанның қойылу себебіне нақтылай тоқталу, оған негіз болар тарихи деректер жаңадан қазан туралы пікір айтуға мүмкіндік береді. Әлі де тайқазанның қойылу себебі, «тай» аталуы, оның тұлғасындағы белгілер, дәлірек айтқанда өрнектерінің мән-мағынасы, шығу, даму кезеңдері туралы мәселелер зерттеулерде қамтылмаған [Мұстапаева, 2008: 5].

Тайқазан – XIV ғасырдағы түркі-ислам мәдениетінің теңдессіз жәдігерлерінің бірі. 1399 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен шебер Әбділәзиз ибн Шарафуддин Тебризи құйған бұл қазан тек тұрмыстық зат қана емес, символдық мәні терең рухани-мәдени артефакт болып табылады. Тайқазан бетіндегі жазулар үш бөліктен тұрады. Жоғарғы бөлігінде кіріспе сөзбен басталатын Құран кәрімнің 9-сүресінен үзінді берілген, одан кейін Пайғамбар хадисімен жалғасқан, одан соң қазанды кім жасатқаны және жасалған жылы көрсетілген. Екінші белдеуді қазанның оң құлағы мен он өрнекті томпағы жиырма картушқа бөледі. Қатар орналасқан екі картушта шебердің өз аты жһні жаслған. Үшінші қатарда 22 рет қайталанған Құдайдың құдіреті жайлы ескерту жазылған. Оның сыртқы бетіне құйылып жазылған Құран аяты, хадис, құттықтау сөздер мен эпиграфикалық өрнектер исламдық этика мен моральдық құндылықтарды бейнелейді. Тайқазан жазуларының мазмұны Қожа Ахмет Ясауи ілімімен үйлесіп, түркілік сопылық дәстүрдегі аксологиялық, ахлақтық, әлеуметтік-этикалық ұстанымдарды айшықтайды. [Муминов, Қожа, Моллақанағатұлы, 2011: 126].

Осы жазулардың арасында Құрандағы 9-сүренің 19-аятынан үзінді берілген. Аяттың мәтіні:

أَجَعَلْتُمْ سِقَايَةَ الْحَاجِّ وَعِمَارَةَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ

Оқылуы: Әжәғалтүм сиқаиатул хаажжи уа имаратил масжидил харами...

Мағынасы: Сендер, қажыларға су беру, Харам Мешітін жөндеуді « Аллаға, ақырет күніне иман келтіріп, және Алла жолында соғысқан кісі сияқты» көресіңдер ме? Бұдан түйетініміз Тайқазандағы осы аятты жазу мақсаттарының бірі Алла жолында үнемі күрсесіп жүру керек екендігін көрсетеді. Зияраттшыларға су ұсынып шөлін қандыру әрине абзал ғибадаттардан болып саналады және Құдайдың үйі мешіттермен басқа да ғибадатханаларды, зиярат орындарын тазалап қызмет ету де сауапты істердің қатарында. Әмір Темірдің бұйрығымен жасалынып Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне сыйға тартылған тайқазанда мұндай жазудың орын алуы заңды. Өйткені осы жазудағы хабарлама арқылы Әмір Темір қоғамдық теңдікті сақтауға шақырғандығы түсінікті. Тек қана әулиені зиярат орындарға қызмет ету мен шектелмей сыртқы жауларға төтеп беретіндей дәрежеде дайын жүру керектігін ескерткен. Сонымен қатар туларды тайқазан айналасына қою дәстүріде осы ел қорғау, жер қорғау, ынтымақ бірлік мәселесіне қатысты болса керек.

Хадис: Пайғамбар ол кісіге сәлем болсын айтты: «Кімде-кім Алла тағала үшін су құятын ыдыс жасаса. Алла тағала жұмақта оған арнап хауыз дайындайды» [Муминов, Қожа, Моллақанағатұлы, 2011: 127]. Тайқазанның эпиграфикалық композициясында Құран аяты мен хадистың мазмұны төмендегідей негізгі моральдық-этикалық қағидаларды қамтиды: Бірлік пен ынтымақ. Тайқазан жазуларында исламдық құндылықтардың негізі болып саналатын бірлік, ынтымақ, қоғамдық келісім тақырыптары көрініс тапқан. Тайқазанның сопылық дәстүрдегі орны оның тек діни емес, сонымен қатар, әлеуметтік-саяси тұрақтылық пен халықтың рухани бірлігін қамтамасыз етудегі рөлін көрсетеді. Ризық пен адал еңбек. Тайқазан жазуларында адал еңбек, ризық-несібе, береке ұғымдары ерекше орын алады. Бұл қағидалар сопылық ілімде «касб халал» (адал еңбектену) ұстанымы арқылы сипатталады. Тайқазанның негізгі қызметі – халыққа ас-су тарату болғандықтан, оның қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын бейнелеуі заңды. Адал ризықтың маңыздылығы, оны бөлісу мәдениеті – қоғамдағы теңдікті сақтау жолдарының бірі.

Тайқазан жазулары мен Ясауи хикметтерінің үндестігі. Тайқазандағы жазулар мен Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің этикалық-моральдық мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты. Екеуінде де тазалық, адалдық, бірлік, мейірімділік, сабырлылық, ризықтың маңыздылығы сияқты ұғымдар басым. Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы ортақ ерекшеліктері: Рухани кемелдікке жету жолдары сипатталады. Адамгершілік қасиеттер дәріптеледі. Қоғамдық әділеттілік пен қайырымдылық насихатталады. Дүниеден безінбей, адал еңбек арқылы өмір сүру қажеттігі айтылады. Тайқазан – исламдық құндылықтар мен түркілік дәстүрлердің синтезін бейнелейтін ерекше жәдігер. Ондағы Құран аяты мен хадис моральдық-этикалық нормаларды дәріптеп, қоғамдағы рухани-әлеуметтік қатынастардың

негізін айқындайды. Осы тұрғыда Тайқазан – тек тарихи артефакт қана емес, рухани-мәдени код пен исламдық ахлақ жүйесінің көрінісі болып табылады.

Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларының Наурыз мерекесімен сабақтастығы. Наурыз мейрамы – бірлік, татулық, рухани жаңару, жомарттық және қонақжайлылық сияқты құндылықтарды дәріптейтін ежелгі түркілік мереке. Бұл мерекенің мәні Ясауи хикметтеріндегі сопылық моральдық-этикалық ұстанымдармен және Тайқазан жазуларындағы құндылықтармен үйлеседі. Наурыз және қонақжайлылық – Наурызда үлкен дастарқан жайылып, қонақ күту дәстүрі сақталады. Тайқазан осы дастарқанның символы ретінде қызмет етіп, бірлік пен молшылықтың белгісі болған. Рухани жаңару мен тазалық – Наурыздың негізгі мәні – жаңа өмір бастау, рухани тазару. Бұл ұстаным Ясауи хикметтерінде нәпсіні тәрбиелеу мен рухани кемелдікке жету идеяларымен сәйкес келеді. Әлеуметтік әділеттілік пен қайырымдылық – Наурыз мейрамында тұрмысы төмен жандарға көмек көрсету, жетім-жесірлерге қолдау білдіру – негізгі дәстүрлердің бірі. Бұл принциптер Ясауи хикметтерінде де ерекше орын алған. Осылайша, Наурыз мейрамы – Ясауи мұрасы мен Тайқазан философиясының бүгінгі күндегі көрінісі деп айтуға болады.

Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларының қазіргі қоғамдағы маңызы. Бүгінгі таңда адамзаттың алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі – рухани-адамгершілік дағдарыс. Қазіргі қоғамда әділеттілік, сабырлылық, қайырымдылық және шынайылық сияқты құндылықтардың маңызы зор. Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларының этикалық негіздері осы құндылықтарды жаңғыртуға ықпал етеді. Әлеуметтік әділеттілік – Қоғамдағы теңдік, адалдық, әділ басқару мәселелері Ясауи ілімінде ерекше орын алады. Отбасы мен жастар тәрбиесі – Қазіргі заманда жастардың рухани тәрбиесі маңызды. Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы адамгершілік қағидаларын насихаттау арқылы тәрбие жүйесін байытуға болады.

Этикалық білім беру – Ясауи ілімі мен Тайқазан жазуларын оқу арқылы білім беру бағдарламаларына рухани-адамгершілік тәрбиені енгізуге мүмкіндік бар. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазулары түркі-ислам өркениетінің моральдық-этикалық кодексін қалыптастыратын маңызды рухани мұралар болып табылады. Олардың сабақтастығы адамгершілік құндылықтар мен исламдық ахлақ нормаларын сақтауда және оларды қазіргі заманға бейімдеуде ерекше рөл атқарады. Наурыз мерекесі арқылы бұл ұстанымдар халық жадында сақталып, бүгінгі қоғамда өзектілігін жоғалтпай келеді. Осылайша, Ясауи мұрасы мен Тайқазан философиясы тарихи ғана емес, әлеуметтік және мәдени тұрғыда да қазіргі заман үшін маңызды.

Қорытынды. Қожа Ахмет Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларында бейнеленген моральдық-этикалық қағидалар – түркі-ислам өркениетінің рухани-мәдени негізін қалыптастыратын маңызды құндылықтар жүйесі. Бұл мұралар ахлақ (мораль) философиясын, рухани кемелдену концепциясын және әлеуметтік этиканы біріктіре отырып, әділеттілікке, сабырлылыққа, мейірімділікке, рухани тазаруға үндейді. Ясауи сопылық дүниетанымындағы адамгершілік қағидалары мен Тайқазандағы Құран аяттары мен хадистерінің мазмұны бір-бірімен тығыз байланысты, олардың сабақтастығы исламдық және түркілік этика нормаларының үндестігін көрсетеді.

Зерттеу барысында Ясауи хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы негізгі моральдық-этикалық ұстанымдар айқындалып, олардың қоғамдық тәрбие, рухани жаңғыру, мәдени құндылықтардың сабақтастығы тұрғысынан маңыздылығы дәлелденді. Бұл мұралар тек тарихи жәдігер ғана емес, бүгінгі күнгі әлеуметтік этиканың, адамгершілік тәрбиенің, құндылықтар трансформациясының өзекті мәселелеріне жауап беретін рухани бағдар болып табылады.

Болашақ зерттеулерде Ясауи мұрасының педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік-философиялық аспектілерін кеңінен талдау маңызды. Әсіресе, Ясауи хикметтерінің қазіргі білім беру жүйесіндегі тәрбие құралдары ретіндегі рөлін зерттеу, сондай-ақ Тайқазан символикасының мәдени-идеялық мәнін тереңірек қарастыру қажет. Бұл бағыттар Ясауи

мұрасын жаңаша зерделеуге және оның қазіргі қоғамдағы қолданылу аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы./ Рәбиға Сыздықова. / Алматы: «Ел-шежіре», 2014. 436 б.

Құл Қожа Ахмет Иасауи. «Иасауи мәдениеті антологиясы» сериясы. Диуани Хикмет / Құл Қожа Ахмет Иасауи / баспаға дайындаған: *Кенжетаев Д.Т.* Шымкент: South Print Corporation, 2022. 684 б.

Мұстапаева Д. Асыл мұра – қасиетті тайқазан. Ғылыми зерттеу. Алматы: Арыс, 2008. 200 б.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. Алматы: «Эффект», 2011. Мәтін жазғандар *Муминов Ә.Қ., Қожа М., Моллақанағатұлы С.* Үшінші басылым. Алматы: «Эффект», 2011. 208 б.

Алтай, 1991: https://kuran.kz келу күні: 04.02.2025

REFERENCES

Sızdıqova R. Yasawï «Xïkmetteriniñ» tili. Köptomdıq şığarmalar jïnağı./ Räbïğa Sızdıqova. / Almatı: «El-şejire», 2014. P. 436. (In Kazakh)

Qul Qoja Axmet Yasawï. «Yasawï mädenïeti antologïyası» serïyası. Dïwanï Xïkmet / Qul Qoja Axmet Yasawï / baspağa dayındağan: *Kenjetaev D.T.* Şımkent: South Print Corporation, 2022. P. 684. (In Kazakh)

Mustapaeva D. Asıl mura – qasïetti tayqazan. Ğılımï zertteu. Almatı: Arıs, 2008. P. 200. (In Kazakh)

Qoja Axmet Yasawï kesenesi. Mavzoley Xodja Axmada Yasavï. Mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi. Almatı: «Éffekt», 2011. Mätin jazğandar *Mumïnov Ä.Q., Qoja M., Mollaqanağatulı S.* Üşinşi basılım. Almatı: «Éffekt», 2011. P. 208. (In Kazakh)

Altay, 1991: https://kuran.kz kelw küni: 04.02.2025 (In Kazakh)

Автор туралы мәлімет: Моллақанағат Әбубәкір Сайпуллаұлы – магистрант, ғылыми қызметкер, Әзірет Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Әмір Темір 53А, (Түркістан қ., Қазақстан). https://orcid.org/0000-0003-3218-1275. E-mail: mollakanagat.as@gmail.com.

Сведения об авторе: Моллаканагат Абубакир Сайпуллаулы – магистрант, научный сотрудник, Национальный историко-культурный музей-заповедник "Әзірет Сұлтан", ул. Амир Темир 53А, (г. Туркестан, Казахстан). https://orcid.org/0000-0003-3218-1275. E-mail: mollakanagat.as@gmail.com.

Information about the author: Abubakir S. Mollakanagat – Master's student, Researcher, Aziret Sultan National Historical and Cultural Museum-Reserve, 53A Amir Temir St., (Turkistan, Kazakhstan). https://orcid.org/0000-0003-3218-1275. E-mail: mollakanagat.as@gmail.com.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.03.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.

АҒАШ БҰЙЫМДАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ СИМВОЛИКАЛЫҚ МАҒЫНАСЫ

М. Мағзұмов, Ә.А. Мұханбет
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанда жарық көрген дәстүрлі қолөнер бұйымдарына арналған әдебиеттерге шолу жасалады. Шолу нәтижесі бойынша қолөнерге байланысты он бір атлас шыққаны анықталып, оның ішінде ағаш өңдеу жұмыстарына байланысты тек екі әдебиет таңдап алынды. Олар, «Орталық Азия атласы. Қазақстан» (2001) және «Атлас. Қазіргі Қазақстан қолөнері» (2023). Аталған әдебиеттерден ағаш өнеріне қатысты материалдар жинақталып философиялық тұрғыда қолөнер гносеология призмасы арқылы қарастырылады. Таңдалған екі атлас та Қазақстандағы дәстүрлі қолөнер тәжірибелерінің, соның ішінде ағашты өңдеу технологиясының, ою-өрнек символикасының және оның мәдени-философиялық контекстінің кешенді сипаттамасын қамтиды. Сонымен қатар мақалада қолөнер тәжірибесіндегі трансформациялар мен қолөнершілердің әлеуметтік мәртебесі де қарастырылды. Бұл атластардың мазмұны мен ауқымы ағашты өңдеудің мәдени маңыздылығына қатысты релевантты ақпаратты анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, ата-бабадан мирас болған ағаш өңдеу өнерінің онтологиялық, эстетикалық және әлеуметтік аспектілеріне ерекше назар аударылып зерделенді. Дәстүрлі ағаш бұйымдарына бейнеленген ою-өрнектердің символикасы анықталып өрнектер салыстырмалы түрде талданды. Мақаланың мақсаты жаһандану заманында мәдени құндылықтарды құрметтеу және ұлттық бірегейлікті сақтау болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері: зерттеу барысында 11 атлас анықталып, олардың мазмұнына талдау жүргізілді. Оның бірі контент-анализ: мәтіндік және визуалдық деректерге тақырыптық категорияларды анықтау (материалдар, өңдеу технологиялары, ағаштың функционалдық және қасиетті мағыналары); ағаш өңдеуге қатысты терминдердің жиілігін және контексттік қолданылуын талдау. Салыстырмалы талдау: Екі атластың деректерін салыстыру арқылы қолөнер тәжірибелеріндегі өзгерістерді анықтау; тарихи кезеңдер мен әлеуметтік өзгерістерге байланысты ағаш өңдеу әдістерінің эволюциясын анықтау. Герменевтикалық талдау: Мәтіндерді қазақ мәдениетіндегі ағаштың философиялық маңыздылығы тұрғысынан интерпретациялау; ағаш бұйымдарының ритуалдық және символикалық мағыналарын зерттеу. Семиотикалық талдау: Ағаш оюлары мен өрнектерінің негізгі символдарын анықтау; қазақ символикасы контекстінде геометриялық, өсімдік және зооморфтық мотивтерді салыстыру. Критерийлер бойынша деректерді іріктеу: Дәстүрлі қолөнердегі ағаш материалы туралы егжей-тегжейлі сипаттаманың болуы; Ағаш өңдеу әдістерін көрсететін иллюстрациялық материалдардың енгізілуі; Ағашты қолданудың мәдени, философиялық және символикалық аспектілері туралы ақпараттың болуы. Сараптамалық әдістердің комбинациясы ағаштың қазақ мәдениетіндегі рөлін зерттеуге мүмкіндік беріп, оның маңызды концепттерін анықтауға бағытталды.

Тірек сөздер: ағаш өңдеу, философия, қолөнер, мәдениет, атлас, эстетика, сәндеу, ою-өрнек.

Сілтеме жасау үшін: Мағзұмов М., Мұханбет Ә.А. Ағаш бұйымдарының философиялық және символикалық мағынасы // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 95-103 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.11

ФИЛОСОФСКО - СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ ИЗДЕЛИЙ ИЗ ДЕРЕВА

М. Магзумов, А.А. Муханбет
Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Казахстан)

Аннотация. В статье дается обзор литературы по традиционным ремеслам, изданной в Казахстане. Результат показал, что было опубликовано одиннадцать атласов посвященной

ремеслам деревообработке, из которых только две литературы были отобраны для обзора. Это «Атлас Центральной Азии. Казахстан» (2001) и «Атлас. Современные казахские ремесла» (2023). Собранные материалы из этой литературы связанные с ремеслом по дереву, рассматриваются с философской точки зрения через призму эпистемологии ремесла. Оба выбранных атласа содержат всестороннее описание традиционных ремесленных практик в Казахстане, включая технологию обработки дерева, орнаментальную символику и ее культурно-философский контекст. Также были в статье были рассмотрены трансформации в ремесленных практиках и социальный статус ремесленников. Содержание и объем этих атласов позволили нам выявить релевантную информацию относительно культурного значения деревообработки. Особое внимание также было уделено онтологическим, эстетическим и социальным аспектам искусства деревообработки, которое было унаследовано от наших предков. Была выявлена символика орнаментов, изображенных на традиционных деревянных изделиях, и проведен сравнительный анализ узоров. Целью статьи является уважение культурных ценностей и сохранение национальной идентичности в эпоху глобализации.

Материалы и методы исследования: в ходе исследования было выявлено 11 атласов и проанализировано их содержание. Одним из них является контент-анализ: определение тематических категорий текстовых и визуальных данных (материалы, технологии обработки, функциональное и сакральное значение древесины); проанализировать частоту и контекстное использование терминов, связанных с деревообработкой. Сравнительный анализ: выявление изменений в ремесленных практиках путем сравнения данных из двух атласов; выявить эволюцию методов обработки дерева в связи с историческими периодами и социальными изменениями. Герменевтический анализ: интерпретация текстов с точки зрения философского значения деревьев в казахской культуре; изучение ритуальных и символических значений изделий из дерева. Семиотический анализ: выявление основных символов резьбы по дереву и узоров; сопоставление геометрических, растительных и зооморфных мотивов в контексте казахской символики. Отбор данных по критериям: наличие подробного описания древесного материала в традиционных промыслах; ознакомление с иллюстративными материалами, демонстрирующими приемы деревообработки; наличие информации о культурных, философских и символических аспектах использования древесины. Сочетание экспертных методов позволило нам изучить роль дерева в казахской культуре и выявить ее важные концепты.

Ключевые слова: деревообработка, философия, ремесла, культура, атлас, эстетика, декор, орнамент.

Для цитирования: Магзумов М., Муханбет А.А. Философско-символическое значение изделий из дерева // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 95-103. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.11

PHILOSOPHICAL AND SYMBOLIC MEANING OF WOODEN PRODUCTS

M. Magzumov, A.A. Mukhanbet

Kazakh National University named after al-Farabi (Kazakhstan)

Abstract. The article provides a review of the literature on traditional crafts published in Kazakhstan. The result showed that eleven atlases devoted to woodworking crafts were published, of which only two literatures were selected for the review. These are “Atlas of Central Asia. Kazakhstan” (2001) and “Atlas. Modern Kazakh Crafts” (2023). The collected materials from this literature related to woodcraft are considered from a philosophical point of view through the prism of craft epistemology. Both selected atlases contain a comprehensive description of traditional craft practices in Kazakhstan, including wood processing technology, ornamental symbolism and its cultural and philosophical context. Transformations in craft practices and the social status of artisans were also considered. The content and volume of these atlases allowed us to identify

relevant information regarding the cultural significance of woodworking. Special attention was also paid to the ontological, aesthetic and social aspects of the art of woodworking, which was inherited from our ancestors. The symbolism of the ornaments depicted on traditional wooden products was identified and a comparative analysis of the patterns was carried out. The purpose of the article is to respect cultural values and preserve national identity in the era of globalization.

Materials and methods of research: during the study, 11 atlases were identified and their contents were analyzed. One of them is content analysis: definition of thematic categories of text and visual data (materials, processing technologies, functional and sacred meaning of wood); analysis of the frequency and contextual use of terms related to woodworking. Comparative analysis: identification of changes in craft practices by comparing data from two atlases; identification of the evolution of woodworking methods in connection with historical periods and social changes. Hermeneutic analysis: interpretation of texts from the point of view of the philosophical meaning of trees in Kazakh culture; study of ritual and symbolic meanings of wood products. Semiotic analysis: identification of the main symbols of wood carving and patterns; comparison of geometric, plant and zoomorphic motifs in the context of Kazakh symbolism. Data selection according to the criteria: availability of a detailed description of wood material in traditional crafts; familiarization with illustrative materials demonstrating woodworking techniques; availability of information on the cultural, philosophical and symbolic aspects of wood use. The combination of expert methods allowed us to study the role of wood in Kazakh culture and identify its important concepts.

Keywords: wood working, philosophy, crafts, culture, atlas, aesthetics, decor, ornament.

For citation: Magzumov M., Mukhanbet A.A. Philosophical and symbolic meaning of wooden products // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 95-103. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.11

Кіріспе. Ағаш бұйымдарының қазақ мәдениетінде қалыптасуы ерте заманнан бастау алады. Сондай-ақ ағашты пайдалану адамзаттың күнделікті тұрмыстағы қажеттілігінен туындап керекті құралдарын жасап алып отырды. Ең алғашқы құралдар эстетикалық талғамға сай болмағанымен эволюциялық даму кезеңдерде заттық мәдениеттің негізіне айналды. Оған дәлел ретінде қола дәуіріндегі түркі халықтарының мекені болған Алтай өңіріндегі қорымдардан табылған ағаш бұйымдарды айтуға болады. Сонымен қатар Қазақстан аймағында бірнеше археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қолға түскен заттар да бар. Осындай тарихи жәдігерлер ұрпақтан-ұрапққа жалғасып мұра болып келеді. Сонымен қатар ол қазақ қолөнернің дамуына көп септігін тігізді. Кеңес өкіметі ыдырап, қазақ елі тәуелсіздік алғаннан кейін кейбір ұмыт болған мәдени мұралар қайта жаңғырып заттық мәдениеттің өркендеуіне жол ашылды. Осы орайда қазақ қолөнерін дәріптеу мақсатында бірнеше атласатар жарық көрді.

Зерттеу барысында атластар арасынан ағаш өңдеу өнеріне байланысты критерий ережелеріне сәйкес тек екі дереккөз таңдалып алынды. Осы әдебиеттерге енгізілген ағаш бұйымдарының философиялық және символиклық аспектлеріне салыстырмалы шолу жасалды. Бұл жаһандану процесі қарқындап дамып жатқан заманда ұлттық-мәдени және этникалық бірегейлікті сақтау мақсатында жазылған зеттеу жұмысы.

Нәтижелер және талқылау. Қазақ қолөнеріндегі өнердің кең тараған түрі күнделікті тұрмыстық бұйымдарды ағаштан жасау (ұқсату) болып табылады [Бекешов, 2021]. Бұл өнер түрі дәуірлер ағысымен ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келеді. Қазақстанның дәстүрлі қолөнер тәжірибелері ғарыштық тәртіп пен әлеуметтік гармония түсініктерімен байланыстырылып ағаш түрлерін таңдауда және оны өңдеу техникасында көрініс тапқан. Қазақ мәдениетінде ағаш тұрақтылық пен ұрпақтардың сабақтастығының символы болып есептелген, ал ою-өрнектер тек сәндік қызмет атқарып қана қоймай, өмір философиясын, табиғи циклдарды және адамның ғарышпен рухани байланысын көрсететін кодталған мағыналарға ие болған.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қолөнерді гносеология призмасы арқылы қарастыруға болады – яғни материалдық объектіде іске асырылған білімді жеткізу әдісі және әлеммен тәжірибеге және символикалық түсінуге негізделген өзара әрекеттесу әдісі ретінде.

Наурызбаева [Наурызбаева, 2021] (2023) атап өткендей, қазақ мәдениетіндегі қолөнер еңбегі әрдайым «денелік білім» концепциясымен [Merleau-Ponty, 1945] тығыз байланысты болған, мұнда шеберлік тәжірибелік бақылау және шығармашылық процеске қатысу арқылы берілген. Дәстүрлі ұстаз-шәкірт жүйесінде шеберлік тек техникалық дағды ретінде ғана емес, болмыстың терең мағыналарын түсінудің тәсілі ретінде қабылданған. Алайда қазіргі жағдайда бұл процесс институционализацияға ұшырауда: қолөнер туралы білім беру бағдарламалары, шеберлік сабақтары және цифрлық технологиялар арқылы беріледі. Бұл бір жағынан оның танымалдығына ықпал етеді, ал екінші жағынан - шеберлердің бірегей стильдерінің ішінара жоғалуына әкеледі [Кульсариева, 2023].

Жаһандану жағдайындағы ағаш өнерінің трансформациясы оның әлеуметтік және мәдени функцияларының өзгеруіне әкеледі, бұл Макс Вебердің десакрализация философиясы арқылы қарастырылуы мүмкін. Егер бұрын Қазақстандағы ағаш өңдеу рәсімдік және қасиетті аспектілерді қамтыған болса (мысалы, шаңырақ әлем тәртібінің символы ретінде), қазіргі қоғамда ағаштан жасалған бұйымдар жиі коммерциялық және дизайнерлік өндіріс элементтеріне айналуда [Ахмет, 2024]. Бұл өзгерістерді дәстүрлі қолөнер онтологиясынан эстетикалық және нарықтық түсінікке көшу ретінде түсіндіруге болады, мұнда бұйымның мағынасы оның символикалық мазмұнымен емес, көркемдік құндылығы және экономикалық тартымдылығымен анықталады. Дегенмен, Нұркушева мен Ашимова [Нұркушева, Ашимова, 2024] атап өткендей, осы өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі қолөнерлер мәдени сәйкестікті сақтауда маңызды функция атқара береді, жаңа шынайылықтарға бейімделіп, философиялық және этикалық мағыналардың тасымалдаушысы болып қала береді. Осылайша, қазақ қолөнері философиялық және көркемдік өрнек формасы ретінде өзінің мәнін сақтай отырып, өзгеріске бейім динамикалық құбылыс болып табылады.

Ағаш – қазақтың дәстүрлі мәдениетінде тұрмыстық заттарды жасауға аранлған материал ғана емес, сонымен қатар ғаламның, үйлесімділіктің және қоғамның әлеуметтік құрлымының философиялық идеяларын бейнелейтін символ ретінде шешуші рөл атқарады. Қазақ мәдениетінде ағаштан әртүрлі бұйымдар, соның ішінде тұрғын үй элементтерін, жиһаздарын, ыдыс-аяқтарды және салттық заттарды жасау үшін пайдаланады, бұл оның оның адамзат өміріндегі маңыздылығын көрсетеді.

Тәжірибелік тұрғыдан қарағанда, ағаш көшпелі қазақтардың тұрғын үйі- киіз үйдің негізгі құрлымдық материал ретінде қызмет етті. Кереге (торлы қабырғалар), уық (радиалды тіректер), шаңырақтан (жоғарғы шеңбері) тұратын киіз үйдің құрлымы, ұтқырлық пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін күрделі сәулеттік жүйе болды. Шаңырақ - отбасын және ұрпақтар сабақтастығын бейнелейтін ерекше символдық мәнге ие. Сондай-ақ, шаңырақ қазіргі заманда өз маңызын сақтап қалған мәдени нышан ретінде әрекет етеді.

Ағаштан басқа да бұйыдар өндірілді мысалы, үй жиһаздары мен ыдыс- аяқ түрлерін жасауда кеңінен қолданылды. Қазақтың ағаш ұсталары төсек ағаш (демалуға арналған бұйым), кебеже (азық- түлік сақтауға арналған төрт аяғы бар сандық түрі), сандық (қол сандық, шай сандық, абдра, абажа) және астау (тағам салуға арналған үлкен табақ), тостаған (сусын ішуге арналған ыдыс) сияқты ас үй заттарын жасады. Бұл бұйымдар функционалдық жағынан басқа, символдық мәні бар күрделі өрнектермен сәнделіп көркемдік құндылыққа ие болды. Ең көп бейнеленген ою-өрнектердің қатарына әл-ауқат пен байлықтың символы болған қолқар мүйіз оюы жатады.

Қазақ мәдениетінде ағашты қолдану утилитарлық, көркемдік және философиялық аспектілерді қамтитын көпқабатты құбылыс болып табылады. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) және «Атлас. Ремесла современного Казахстана» (2023) деректері бойынша ағашты өңдеу мен қолданудың негізгі ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ олардың қазіргі кезеңдегі өзгерістерін анықтауға мүмкіндік берді (1-кесте).

Қазақ мәдениетінде ағаштың қолданылуын философиялық талдау.

Кесте 1.

Философиялық категориялар	Atlas of Central Asia. Kazakhstan (2001)	Атлас. Ремесла современного Казахстана (2023)
Ағаш онтологиясы (ағаш материалдық әлемдегі тұлға ретінде)	Ағаш табиғи тәртіппен байланысты көшпелі өмірдің табиғи бөлігі болып қарастырылады. Ағашты таңдауда (терек, тал, қайың, шыршы) тәжірибелік және қасиетті аспектілермен анықталады.	Ағашты қабылдау кеңейіп келеді: дәстүрлі материалдармен қатар ағаштың заманауи түрлері де қолданылуда. Ағаш жаңа қолөнер тәжірибесне енгізілуде.
Қолөнер гнесологиясы (дәстүрді білу және оны беру)	Қолөнердің тәлімгерлік жүйесі (ұста- шәкірт) арқылы беріледі, ағашпен жұмыс істеу білімі тәжірибе мен бақылау арқылы игеріледі.	Білім беру форматтары кеңейіп келеді: қолөнер жоғарғы оқу арындарында, колледждерде, шеберлік сыныптарында және мәдени жобаларда оқытылады, бұл оның институционализациясын әкеледі.
Ою эстетикасы (пішін және өрнек философиясы)	Ою- өрнектер космологиялық мағынаға ие: геометриялық өрнектер ғаламның үйлесілімділігін, өсімдік мотивтері- өмірлік энергияны, зооморфтық элементтер тотемдік жануарлармен байланысты білдіреді.	Дәстүрлі ою-өрнектердің элеметері сақталған, бірақ қазіргі эстетиклық талаптарға бейімделеді. Классикалық мотивтер мен жаңа көркемдік стильдердің синтезі пайда болды.
Қолөнер шеберлерінің әлеуметтік философиясы (Қоғамдағы шебер мәртебесі)	Шебер (ұста)- дәстүрді сақтаушы, оның жұмысы бағаланады, бірақ жергілікті қауымдастықтарда қалады.	Қолөнершілер мәдени индустрияның субъектісіне айналды: конкурстар, фестивальдар, мемлекеттік деңгейде таныла бастады.
Қасиетті және символизм (рухани тәжірибедегі ағаш)	Шаңырақ (киіз үйдің орталық сақинасы) ағаштан жасалған аспан мен жердің байланысын білдіреді. Ағаш бұйымдары рәсімдерде қолданылады (бесік, табыну ыдыстары).	Ағаш бұйымдарын салттық қолдану қалпына келтірілуде, бірақ қасиетті мағыналары қазіргі заманғы контекстке бейімделді, мысалы, кәдесый өнімдері арқылы.

Қазақ мәдениетіндегі ағаш онтологиясы. Қазақ мәдениетінде ағаштың онтологиясы терең мағынаға ие, себебі ағаш – тіршілік, рухани байланыс және дүниетанымдық құрылымдардың маңызды элементі. Ол космологиялық, тұрмыстық, мифологиялық және символикалық сияқты мәндерге ие. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде ағаш тек құрылыс және қолөнер материалы ретінде қарастырылмаған, ол белгілі бір онтологиялық қасиеттерге ие элемент ретінде қабылданған. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуі көрсеткендей, ағаш табиғи және әлеуметтік әлемнің арасындағы байланыстырушы буын ретінде қызмет еткен. Ағаш түрлері (терек, тал, қайың, шырша) таңдалуы материалдың физикалық сипаттамаларымен ғана емес, көшпелі өмір салтының жағдайларына төзімділігімен де байланысты болған.

«Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласында» (2023) ағаш материалын қолдануда өзгерістер байқалады: ол тек табиғи компонент мәртебесінен айырылып, заманауи қолөнер өндірісіне енгізілген. Бұл жерде дәстүрлі ағаш түрлерімен қатар шетелден әкелінген жаңа материалдар да қолданылады. Бұл өзгерістер қолөнер практикасының трансформациясын көрсетеді, онда ағаш табиғи тәртіптің бір бөлігі ғана емес, нарықтық және өнеркәсіптік процестердің элементіне айналады. Осылайша, ағашты табиғаттың тірі элементі ретінде қабылдаудан оның индустриалдық және эстетикалық мәнге ие ресурсына ауысу үрдісі байқалады. Бұл ресурс шығармашылық туындының өзін-өзі көрсетуі мен экономикалық қызмет үшін қолданылады.

Қолөнердің гносеологиясы: білім мен технологияларды беру. Қолөнер техникасын меңгеру үдерістері дәстүрлі түрде шәкірттік практикаға (ұста-шәкірт) негізделген, бұл Мерло-Понтидің [Merleau-Ponty, 1945] «денелік білім» концепциясына сәйкес келеді. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) деректерінде ағашты көркемдеп өңдеу бойынша білім тек отбасылық немесе цехтық дәстүрлер аясында берілгені атап өтіледі, бұл қолөнер дағдыларының сақталуын қамтамасыз еткен.

Қазіргі контексте [Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы, 2023] жағдай өзгерген: қолөнер білімдері жергілікті қауымдастықтар шеңберінен шығып, институционалды білімнің бір бөлігіне айналуда. Халықтық қолөнерді қолдаудың мемлекеттік және жеке бағдарламалары пайда болып, шеберлік сыныптары, көрмелер, байқаулар ұйымдастырылады. Бұл қолөнерді танымал етуге ықпал етеді, бірақ сонымен бірге оның дәстүрлі қайта жаңғырту механизмдерін өзгертеді. Локализацияланған дәстүрлі білімнен формализацияланған оқытуға көшу үрдісі орын алуда, бұл бір жағынан қолөнердің таралуына ықпал етсе, екінші жағынан, техниканың стандартталуына әкеледі, бұл шеберлердің бірегей жеке стильдік ерекшеліктерінің жоғалуына әсер етуі мүмкін.

Ағаш оюдың эстетикасы: символизм және көркемдік формалар. Қазақ мәдениетінде ағаш бұйымдарын эстетикалық қабылдау, тәртіп пен үйлесім концепциясына негізделген, бұл ою-өрнек жүйесінде айқын көрінеді. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуінде ағаш ою космологиялық көзқарастарды білдіру тәсілі ретінде сипатталады. Ою-өрнектер келесі элементтерді қамтиды: геометриялық өрнектер – әлем тәртібі мен тұрақтылықты бейнелейді. Өсімдік мотивтері – өмірлік энергия мен табиғи циклдарды ассоциациялайды. Зооморфтық элементтер – тотемдік дәстүрлер мен дала жануарлар әлеміне сілтеме жасайды.

«Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласында» (2023) эстетикалық принциптердің сақталуы байқалады, бірақ дәстүрлі ою-өрнектердің заманауи формалармен синтезі орын алған. Бұл халық өнерінің икемділігін көрсетеді: жаңа шындыққа бейімделе отырып, мәдени сабақтастықты сақтайтын халық өнерінің икемділігін көрсетеді. Алайда, қазіргі дизайнерлік шешімдердің енгізілуі және бұйымдардың коммерциялануы ою-өрнектердің символдық мәнінің азаюына алып келуі мүмкін, бұл болашақта қосымша зерттеулерді қажет етеді.

Қолөнершілердің әлеуметтік философиясы: шебердің мәртебесі мен функциялары. Дәстүрлі қазақ қоғамында қолөнерші (ұста) тек шебер ретінде емес, еңбекке қасиетті сипат беретін білімнің сақтаушысы ретінде қабылданған. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуінде қолөнершілер тек утилитарлық қана емес, рухани мәні бар еңбек иелері ретінде сипатталған.

Қазіргі Қазақстанда [Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы, 2023] қолөнершілердің әлеуметтік мәртебесі өзгерді. Олар мәдени индустрияның бір бөлігіне айналып, фестивальдерге, байқауларға қатысады, мемлекеттік қолдау алады. Қолөнершілік туризм экономикасының элементіне айналып, оның коммерциялануына ықпал етеді. Бұл өзгерістерді Пьер Бурдьёдің символдық капитал концепциясы арқылы қарастыруға болады: қолөнерші мәдени кәсіпкерге айналады, ал оның еңбектері нарықтық құнға ие болып, өндіріс пен тұтынудың дәстүрлі үлгілерін өзгертеді.

Қазақ мәдениетіндегі ағаштың сакралдылығы мен символикасы. Дәстүрлі қазақ дүниетанымында ағаш қасиетті мәртебеге ие болды, бұл әсіресе киіз үй құрылымында айқын

көрінді. «Atlas of Central Asia. Kazakhstan» (2001) зерттеуінде шаңырақ (киіз үйдің орталық шеңбері) аспан мен жердің арасындағы байланысты бейнелейтіні атап өтіледі, ал тұрмыстық ағаш заттары салт-жоралғыларда қолданылғаны қатыстырылған.

Қазіргі Қазақстанда (Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы, 2023) сакральды мағыналар ішінара сақталғанымен, бейімделу процесінен өткен: Дәстүрлі ағаш бұйымдары кәдесыйларға айналып, олардың бастапқы салттық дәстүрде маңызы төмендеген. Ағаш бұйымдары діни және үйлену салттарында қолданылуын жалғастыруда, бірақ жиі сәндік сипатқа ие болуда. Бұл өзгерістер Макс Вебер ұсынған десакрализация концепциясы аясында интерпретациялануы мүмкін, онда сакральдылықтың дәстүрлі формалары рационализация және коммерцияландыру арқылы ығыстырылады.

Қорытынды. Қазақ мәдениетінде ағаштың қолданылуын талдау (Atlas of Central Asia. Kazakhstan (2001) және Қазіргі Қазақстанның қолөнері Атласы (2023) деректерін салыстыру негізінде) қолөнер тәжірибесінде, философиялық түсінік және ағаш өңдеудің әлеуметтік маңызы бойынша өзгерістерді анықтадық. Дәстүрлі түрде ағаш табиғи тәртіптің бір бөлігі ретінде қабылданып, утилитарлық және сакральды функцияларға ие болды. Ол киіз үй құрылысында, тұрмыстық заттарды, музыкалық аспаптарды, культтік объектілерді жасауда қолданылып, ал ою-өрнек формалары әлем тәртібі, өмірдің циклділігі мен адамның табиғатпен байланысы туралы түсініктерді білдірді.

Салыстырмалы талдау көрсеткендей, қазіргі Қазақстанда ағаш өңдеу дәстүрлі сипаттарын сақтағанымен, елеулі трансформацияларға ұшырады. Біріншіден, ағаштың онтологиялық мәртебесі өзгерді: дәстүрлі мәдениетте ол көшпелі тұрмыстың табиғи элементі ретінде қабылданса, бүгінде ол мәдени және нарықтық өндіріс объектісіне айналған. Екіншіден, білімді беру гносеологиялық механизмдері трансформацияланды: қолөнер шеберлігі тек ұста-шәкірт жүйесі арқылы ғана емес, институционалды форматтар арқылы (колледждер, көркемөнер шеберханалары, байқаулар мен көрмелер) меңгеріледі.

Дәстүрлі ағаш оюдың эстетикалық жүйесі негізгі символдық кодтарды сақтай отырып, заманауи көркемдік үрдістерге бейімделуде, нәтижесінде дәстүрлі және инновациялық мотивтердің синтезі қалыптасуда. Сонымен бірге, қолөнершілердің әлеуметтік мәртебесі өзгерді: бұрынғы дәстүрді сақтаушы шеберлер жергілікті қауымдастықтарда білім берсе, бүгінгі қолөнершілер халықаралық көрмелерге қатысып, мемлекеттік қолдау алып, олардың бұйымдары туристік және кәдесый бизнесінің бір бөлігіне айналған.

Тағы бір маңызды аспект – ағаштың сакральды маңызының әлсіреуі. Дәстүрлі мәдениетте ритуалдық мәнге ие болған ағаш бұйымдары (мысалы, шаңырақ аспан мен жердің байланысын бейнелейтін символ ретінде) бүгінгі таңда сакральдылығын ішінара жоғалтқан. Қазіргі мәдениетте ағаш бұйымдары салт-дәстүрлерде қолданылуын жалғастырғанымен, олардың көбісі сәндік немесе коммерциялық сипатқа ие, бұл дәстүрлі практикалардың десакрализация процесін көрсетеді. Осылайша, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, технологиялық және әлеуметтік өзгерістерге қарамастан, ағаштан жасалған бұйымдар қазақ қоғамының мәдени кодтарының маңызды бөлігі болып қалуда. Ол табиғи тұрақтылық, дәстүр сабақтастығы және көркемдік өзін-өзі көрсету символы ретіндегі философиялық мәнін сақтай отырып, қазіргі жағдайларға бейімделуде.

ӘДЕБИЕТ

Ахмет М. Қазақ халқының үй-тұрмысына күнделікті пайдаланған ыдыстары, // Научно-практический журнал MUSEUM.KZ. 2024. No1(5). С. 5-19

Бекешов С.С. XVIII ғ. аяғы XX ғ. басындағы ағаш ою өнерінің ортақ сипаттары, //Хабаршы. Тарих сериясы. 2022.

Бекешов С.С. Қазақтың дәстүрлі ағаш ұқсату, оймыштау тарихнамасы, // Вестник КазНУ. Серия историческая. 2021. 89-95 бб.

Наурзбаева А.Б. Ремесло: опыт культурфилософского осмысления, // Journal of Philosophy, Culture & Political Science 85.3. 2023.

Еспенова А.Т. Тәуелсіз Қазақстан сәндік-қолданбалы өнеріндегі заманауи ізденістер (зергерлік өнер негізінде), //Вестник Казахского национального женского педагогического университета. 2019. №2. 302-306 бб.

Жәкішева З.С. Рухани және заттық мәдениеттің байланысы, // Мәдени мұра. 98.3. 2022. 147-152 бб.

Кульсариева С.П., Ибрагимов А.И. Традиционные ремесла в казахстане: история и современное состояние, //Хабаршы. Тарих сериясы. 2023. № 2. С. 109.

Merleau-Ponty, Maurice. Phenomenology of perception. Franklin Classics, 2023.

Нуркушева Л., Ашимова А. Multidisciplinary product design as a tool for reflecting and preserving kazakh cultural heritage atu Design Science. 2024. 1-18 бб.

Шайгозова Ж., Ибрагимов А. Кілем тоқу–инемен құдық қазғандай: қазақтың кілем тоқу өнерін зерттеу, сақтау және дамыту, // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. 2023.

REFERENCES

Ahmet M. Cotidiana supellex domus populi Kazakh. Acta scientifica et practica MUSEUM KZ. 2024. (In Kazakh)

Bekeshov S.S. 18th century. nuper 20th century. Communes notae veterum ligno insculptae, // Bulletin. Historiae series. 2022. (In Kazakh)

Bekeshov S.S. Historica historica traditionum Kazakh lignorum sculpendi et exsculpendi. Nomenclator KazNU. Series historica. 2021. pp. 89-95. (In Kazakh)

Naurzbayeva A.B. Craft: experientia cognitionis culturalis et philosophicae. Acta Philosophiae, Culture & Scientiae Politicae 85.3. 2023. (In Russian)

Espenova A.T. Investigatio moderna in artibus decorativis et applicatis Kazakhstanis independentis (in arte ornamenti fundatur). // Bulletin of the Kazakh National Womens's Pedagogical University. 2019. N. 2, pp. 302-306. (In Kazakh)

Zhakisheva Z. S. Relatio inter culturam spiritualem et materialem, // Hereditas culturalis. 98.3. 2022, pp. 147-152. (In Kazakh)

Kulsarieva S.P., Ibragimov A.I. Artium Institutio in Kazakhstan: historia et status hodiernus, // Bulletin. Historiae series. 2023. N. 2. P. 109. (In Russian)

Merleau-Ponty, Maurice. Phenomenologia perceptio. Franklin Classics, 2023. (In English)

Nurkusheva L., Ashimova A. Multidisciplinaris productum consilium ut instrumentum ad cogitandum et conservandum Kazakh patrimonium culturalem atu Design Science. 2024, pp. 1-18. (In Russian)

Shaigozova Zh., Ibragimov A. Carpet texendi instar putei acus fodiendi: investigatio, conservatio, et progressus artis vestis Kazakh texendi, // Bulletin of the Abay Kazakh National University. Series: Scientiarum historicarum et socio-politicarum. 2023. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет: Мағзұмов Мақсат Мұқамжанұлы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (050040, Алматы қ-сы, әл-Фараби 71, Қазақстан), Философия және саясаттану факультеті, мәдениеттану мамандығының 3-ші курс докторанты. https://orcid.org/0009-0002-4234-3805. E-mail: maksat.magzum@bk.ru

Мұханбет Әсем Ануарбекқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (050040, Алматы қ-сы, әл-Фараби 71, Қазақстан), Философия және саясаттану факультеті, мәдениеттану мамандығының аға оқытушысы, филос.ғ.к. //https://orcid.org/0000-3693-5302. E-mail: Asemm81@mail.ru

Сведения об авторах: Магзумов Максат Мукамжанович – Казахский национальный университет имени аль-Фараби (050040, г. Алматы, Аль-Фараби 71, Казахстан), Факультет философии и политологии, докторант 3-го курса специальности культурология. https://orcid.org/0009-0002-4234-3805. E-mail: maksat.magzum@bk.ru

Муханбет Асем Ануарбековна – Казахский национальный университет имени аль-Фараби (050040, г. Алматы,Аль-Фараби 71, Казахстан), Факультет философии и

политологии, старший преподаватель специальности культурология, к.филос.н. //https://orcid.org/0000-3693-5302. E-mail: Asemm81@mail.ru

Information about the authors: Maksat M. Magzumov – Kazakh National University named after Al-Farabi (050040, Almaty, Al-Farabi 71, Kazakhstan), Faculty of Philosophy and Political Science, 3rd year doctoral student in cultural studies. https://orcid.org/0009-0002-4234-3805. E-mail: maksat.magzum@bk.ru

Asem A. Mukhanbet – Al-Farabi Kazakh National University (050040, Almaty, Al-Farabi 71, Kazakhstan), Faculty of Philosophy and Political Science, Senior lecturer in Cultural Studies, PhD. //https://orcid.org/0000-3693-5302. E-mail: Asemm81@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.03.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.

ӘОЖ 069.12

МУЗЕЙ ПЕДАГОГИКАСЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМНЕН ҒЫЛЫМИ ПӘНГЕ ДЕЙІН

Г. Атабаева
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Қазіргі уақытта музей педагогикасы музей саласының маңызды құрылымы болып табылады. Себебі сол арқылы музейдің құрылымдық тетіктері экспозиция мен экскурсия көпшілікке танылады. Музей педагогикасы – музейтану, педагогика және психология салаларының үштігін құрайды.

XIX-XX ғғ. Еуропа және АҚШ-тың көркем өнер музейлерінде құрылымдық бөлім ретінде бастау алып, аз уақыт ішінде ғылыми пән дережесіне жетті. Халықаралық тәжірибеде музей педагогикасына арналған жүйелі зерттеулер жүргізіліп, оны дамытушы орталықтар қалыптасты. Нәтижесінде музей педагогикасы қор, экспозиция және экскурсия сынды музейдің өзіндік ажырамас бөлшегіне айналды.

Жалпы музей педагогикасының тұжырымдамасы Қазақстан музейлеріне Кеңестік кезеңде еңгізіле бастады. Қазіргі уақытта отандық музейлер өз жұмысының білім беру бағытын педагогикалық және мәдени-ағартушылық шаралар түрінде жүзеге асырып келеді.

Мақалада музей педагогикасының қалыптасу үдерісіне шолу жасау арқылы қазақстанның музей педагогикасының өзекті мәселелерін айшықтау көзделеді. Қазақстандағы музей педагогикасының қарқынын саралау назарға алынады. Оқу және тәрбие ісі музейде тұрақты түрде жүргізілетін жұмыс түрінің бірі болып табылады. Осы тұрғыда, музей педагогикасының қалыптасу кезеңін зерделеу негізінде халықаралық тәжірибені анализдеу өзекті болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері: Жұмыс барысында сипаттау, жүйелеу, саралау, талдау, жинақтау әдістері қолданылды.

Мақаланы дайындау үшін музей саласы бойынша мамандарған Б. Столяров, Л. Шляхтина, Э. Шулепова, М. Юхневич, Ү. Мұңалбаева, А. Морозова және О. Мельникова сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Тірек сөздер: музей, педагогика, экспонат, мектеп, оқушы, мәдени-ағартушылық, әдіс-тәсілдер, жолкөрсеткіш.

Сілтеме жасау үшін: Атабаева Г. Музей педагогикасы: құрылымдық бөлімнен ғылыми пәнге дейін // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 103-109 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.12

МУЗЕЙНАЯ ПЕДАГОГИКА: ОТ СТРУКТУРНОГО ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ ДО НАУЧНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ

Г. Атабаева
Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан» (Казахстан)

Аннотация. В настоящее время музейная педагогика является значимой структурой музейной сферы. Благодаря этому реализуются структурные механизмы музея, экспозиция и экскурсия. Музейная педагогика объединяет три сферы – музеология, педагогика и психология.

Музейная педагогика зародившись в XIX-XX вв. как структурное подразделение в европейских и американских художественных музеях, за короткое время достигла статуса научной дисциплины. В международной практике проводились систематические исследования по музейной педагогике, что способствовало формированию центров по его развитию. В результате музейная педагогика стала неотъемлемой частью музея, такой как фонд, экспозиция и экскурсия.

Понятие музейной педагогики вошло в пространство музеев Казахстана в советский период. В настоящее время отечественные музеи реализуют образовательное направление своей работы в форме педагогических и культурно-просветительских мероприятий.

Выявление актуальных проблем музейной педагогики в Казахстане путем рассмотрения процесса становления музейной педагогики является целью данной статьи. Уделяется внимание темпу развития музейной педагогики в Казахстане. Просветительская деятельность музеев направлена на воспитание и обучение подрастающего поколения. В этом контексте актуален анализ мирового опыта на основе изучения периода становления музейной педагогики.

Материалы и методы исследования: В ходе выполнения работы были применены методы: анализирование, описание, систематизация, комплектование, разбор.

При подготовке статьи были использованы труды исследователей, специализирующихся в области музееведения Б. Столяров Л. Шляхтиной, Э. Шулеповой, М. Юхневич, У. Муналбаевой, А. Морозовой и О. Мельниковой.

Ключевые слова: музей, педагогика, экспонат, школа, обучающийся, культурно-просветительский, методология, путеводитель.

Для цитирования: Атабаева Г. Музейная педагогика: от структурного подразделения до научной дисциплины // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 103-109. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.12

MUSEUM EDUCATION: FROM A STRUCTURAL DEPARTMENT TO A SCIENTIFIC DISCIPLINE

G. Atabayeva
«Azret Sultan» National Historical and Cultural Museum-Reserve (Kazakhstan)

Abstract. Today the museum education is a significant structure of the museum. Thanks to this, the structural mechanisms of the museum, exposition and excursion are implemented. Museum education combines three spheres – museology, education and psychology.

Museum education, having originated in the 19th-20th centuries as a structural department in European and American art museums, in a short time achieved the status of a scientific discipline. In international practice, systematic studies were conducted on museum pedagogy, which contributed to the formation of centers for its development. As a result, museum education has become an integral part of the museum, such as a fund, exposition and excursion.

The concept of museum education entered the space of museums in Kazakhstan during the Soviet period. Currently, domestic museums implement the educational direction of their work in the form of pedagogical and cultural-educational events.

Identification of current problems of museum education in Kazakhstan by considering the process of formation of museum pedagogy is the purpose of this article. Attention is paid to the pace of development of museum education in Kazakhstan. Educational activities of museums are aimed at educating and training the younger generation. In this context, the analysis of world experience based on the study of the period of formation of museum education is relevant.

Materials and methods of research: in the course of the work, methods of description, systematization, analysis, compilation were used.

To prepare the article, the works of such scientists specializing in the museum sphere as B. Stolyarov L. Shlyakhtina, E. Shulepova, M. Yukhnevich, U. Munalbaeva, A. Morozova and O. Melnikova.

Keywords: museum, education, exhibit, school, student, cultural and educational, methodology, guide.

For citation: Atabayeva G. Museum Education: from a Structural Department to a Scientific Discipline // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 103-109. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.12

Кіріспе. Бүгінгі таңда музей педагогикасы қор және экспозиция сынды музейдің өзіндік құрылымдық бөлшегі болып табылады. Себебі сол арқылы музейдің мәдени-ағартушылық қызметі жүзеге асырылады. Музейдің құрылымдық бөлімі ретінде қалыптасқан музей педагогикасы музейтанушылардың теориялық негіздемелері мен зерттеулері және халықаралық музейлік озық тәжірибелердің нәтижесінде ғылыми пәнге айналды.

Осы тұрғыда мақалада музей педагогикасының қалыптасу үдерісіне шолу жасау арқылы қазақстанның музей педагогикасының өзекті мәселелерін айшықтау көзделеді. Қазақстандағы музей педагогикасының қарқынын саралау назарға алынады.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеушілердің пайымдауынша XVIII-XIX ғғ. музей ғылым мен мәдениетті насихаттаушы орталық ретінде танылды. Себебі музейдің қорын зерттеу белгілі бір ғылым саласын дамытуға септігін тигізеді. Осы кезеңде музейдің бүгінгі таңдағы өзекті құрылымдық бағыты – әлеуметтік және ағартушылық қызметі қалыптасты. Сондықтан музей саласының бұл қызметін білім беру және зерттеушілік деп пайымдауға негіз бар [Юхневич, 2001: 8].

XIX ғасырдың екінші жартысында музей қызметінің мазмұнына деген көзқарас өзгере бастады. Бұл тұста оның қызметі тарихи немесе көркемдік құндылығы бар заттарды жинақтау және сақтаумен шектелмей оның алдына жаңа міндеттер қойылды. Бұл жаңа міндеттер 1852 жылы Лондонда құрылған музейдің (қазіргі уақытта Виктория мен Альберт музейі) жұмысында айшықталды. Бұл музейдің міндеттері келесідей болып белгіленді:

- көркем өнерді қоғамның барлық өкілдері арасында кеңінен насихаттау;
- халықтың көркем өнері бойынша білім деңгейін дамыту;
- индустриалдық өнеркәсіп түрлерінің сапасын жетілдіру [Столяров, 2004: 18-21].

Болашақ Виктория мен Альберт музейінің басты мақсаты қолөнер шеберлері жасаған заттар арқылы халықтың тұрмыстық жағдайын жақсартуға көмек көрсету болған. Сол себепті өнеркәсіптік және сәндік қолданбалы өнер үлгілерінен жинақталған музей экспонаттары негізінде халықтың кәсіби білімінің жетілдіруге қолқабыс көрсетілді. 1880 жылдары бұл музейде білім алушыларға ғылыми-техникалық және шығармашылық тәрбие мен білім беру мақсатында мектеп мұғалімдерімен жұмыс жасайтын арнайы бөлім құрылды. Осылайша музей алғашқылардың бірі болып қоғамның басым көпшілігіне әсер етуді көздеп, музей мен мектеп жұмысын біріктірді [Столяров, 2004: 18-21].

Музейдің бұл жұмысы білім алушылардың қызығушылығы, танымы мен шығармашылық қабілетін дамытуға септігін тигізіп, музейдің жүйелі түрде білім беру қызметін негіздеді және осы бағыттағы музей саясатына өз ықпалын тигізді. Осылайша Виктория мен Альберт музейінің мақсаты мен бағыты музей педагогикасын құрылымдық бөлім ретінде қалыптастырды. Осы негізде ғалым Б. Столяров жалпы Англияны музейдің білім беру бағытын қалыптастырған алғашқы мемлекет деген пікірді ұсынады. Сондай-ақ, ол

Виктория мен Альберт музейінің тәжірибесі музей мен білім беру орындары арасында байланыс орнатқан алғашқы бастамашы музей деп көрсетеді. Бұл музейде халықаралық тәжірибеде алғаш рет музейдің білім беру және тәрбие үдерісіне ықпалын кеңейту мақсатында орта мектеп мұғалімдерімен жұмыс жасау қызметі құрылды [Столяров, 2004: 22].

АҚШ-тың бірнеше музейлері Виктория және Альберт музейінің тәжірибесіне сүйене отырып, өздерінің білім беру тұжырымдамасын жасады. Мәселен, Бостон өнер музейінде «музей педагогы» лауазымы енгізілді [Муналбаева, 2012: 78].

Сонымен қатар, Детройт өнер музейінде бейнелеу өнері, археология, әдебиет және басқа да ғылым салалары бойынша жан-жақты ағарту жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, осы музейде салалық қауымдастықтар мен үйірмелер құрылған. Бұл өз кезегінде музей ісінің білім беру қырының дамуына септігін тигізді [Муналбаева, 2012: 78].

Музейтанушы ғалымдар қоғамның білімін жетілдіріп, оны өз тұрмысында қолдануына ықпал жасауды көздеген Метрополитен музейінің тәжірибесін ерекше атап өтеді. Музейдің білім беру қызметінің қалыптасу кезеңінде Метрополитен музейі алғашқы болып келушілермен әртүрлі форматта жұмыс жасады. Мәселен, халық арасында музейге бару мәдениетін қалыптастыру мақсатында дәрістер мен концерттер өткізді, зал экспозициясын тегін тамашалауға мүмкіндік беріп, музей бағытындағы қоғамдық көлікте тегін жүру енгізілді [Муналбаева, 2012: 80].

Сонымен қатар, музей ісінің теорияшысы Д. Гудд Метрополитен музейінде музей жәдігерлері арқылы білім беру идеясын іске асырды. Д. Гуддтың идеясы бойынша экспонат немесе коллекция музейдің білім беру қызметінің негізі болып табылады. Сондықтан музейге келушілер үшін дәрістер өткізуді және оларды қажетті ақпарат – жолкөрсеткішпен қамтамасыз етуді ұсынды. Оның ұсынысын Метрополитен музейі 1906 жылы алғашқы жолкөрсеткішті жарыққа шығару арқылы жүзеге асырды. Сонымен қатар, музейде демалыс күндері дәрістер өтіп тұрған. Музейде білім беру мәселелеріне арналған арнайы «Метрополитен бюллетені» шықты. Бұл басылымда білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелері талқыланды. Музейдің білім беру қызметінің негізгі аудиториясы білім алушылар болды [Столяров, 2004: 25].

АҚШ-тың музейлері келушілермен жұмыс жасау барысында жинақтаған тәжірибелеріне сүйене отырып, төмендегі бағыттар бойынша әртүрлі әлеуметтік топтағы адамдарға қызмет көрсету бағдарламасын әзірлеген:

- көпшіліктің көңілін көтеру және сергіту;
- келушілердің білімін жетілдіру;
- ізденушілерге көмек көрсету;
- балаларды музейге тарту.

АҚШ музейлері келушілерге заман талабына сай қызмет көрсететін инфрақұрылыммен жабдықталып, олардың музей экспозициясымен еркін танысуына жағдай жасады. Осы тұрғыда американдық музейтанушы А. Паркердің пайымдауынша адамар әлеуметтік институт болып табылатын музейді демалыс орны ретінде қабылдануы қажет [Столяров, 2004: 38-40].

АҚШ-тың музей педагогикасында музей мен мектептегі оқытудың ерекшеліктері айқындалды. Ол бойынша музейлік сабақта өтетін тақырыпты оқушы алдын ала мектепте өтуі қажет. Мамандар мектептің әдістемесін музейде қолданбауға кеңес берді. Яғни музей қызметкері мұғалім емес ол тек қана білім алушыны музей экспонаты немесе экспозициясымен байланыстырушы болып табылады. Бала ойы мен тұжырымын еркін түрде өзі жасауы керек [Столяров, 2004: 39].

Музей педагогикасының қалыптасуына ықпал жасап, өзіндік мектеп қалыптастырған мемлекет Германия болып табылады. Осы орайда Гамбург кунстхаллесінің директоры А. Лихтварктy ерекше атап өтуге болады. А. Лихтварк қолөнерші педагог әрі сан қырлы тұлға ретінде музей жұмысын түрлендіруге ден қойды. Оның бастамасымен музейде кәсіби шеберлердің жетекшілігімен үйірмелер мен қауымдастықтар, балалар шығармашылығына

арналған көрмелер ұйымдастырылып, жас суретшілерге қолдау көрсетілді. А. Лихтварк музейде балалармен жұмыс жасауға ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше бала музей экспозициясымен танысу барысында өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенуі қажет. Яғни баланың танымын кәсіби сарапшылардың зерттеулері негізінде жасалған ақпаратпен ғана шектемей оның өзіндік түсінігін қалыптастыруды баса назарда ұстау керек [Столяров, 2004: 45-48].

А. Лихтварк экскурсияны «диалог» түрінде жүргізуді ұсынды. Бұл өз кезегінде қатысушыны пассивті тыңдаушыдан, активті қатысушыға айналдырады деп тұжырымдалды. «Музейлік диалогтар» ұғымын енгізу арқылы А. Лихтварк музей педагогикасының әдістерінің бірін қалыптастырды. Бұл әдістің мақсаты белгілі бір суретшінің ойын түсіну арқылы өнер туындыларын түсіну дағдысын дамыту болып табылады [Столяров, 2004: 50-51].

XX ғасырдың басында Германия музейлерінің білім беру бағытында жинақтаған тәжірибесі негізінде Г. Кершенштайнердің «Білім берудің теориясы» атты кітабы жарық көрді. Автор кітабында Германия музейлерінің экспозицясын педагогикалық принцип бойынша құру қажеттігін негіздеп, оны іске асырудың жолдарын белгіледі.

Г. Кершенштайнердің пікірінше музейдің педагогикалық принциптері төмендегідей:

1. Музей педагогикасының әдістері білім беру талаптары мен білім алушының психологиялық жағдайына сәйкес айқындалуы қажет;

2. Музейдегі педагогикалық үдеріс мектептің оқу жоспары бойынша құрылып, оны жүзеге асыру барысы экспозиция немесе экспонатты қолданумен ерекшеленуі қажет. Яғни музей қатысушыға технологиялық жетістік немесе көркемдік туындыны көзбен көруге мүмкіндік жасайды [Столяров, 2004: 55].

1920-1930 жж. музей мен мектептің өз ара байланысуы Германияның әлеуметтік-мәдени саясатындағы өзекті мәселенің бірі болды. Бұл мәселені шешу тәжірибелі педагогтер Л. Паллат, Д. Рихтер мен Г. Фройдентальді біріктірген Берлиндегі Білім беру және тәрбие ісі жөніндегі орталық институтқа жүктелді. Олар музейлерде тиісті педагогикалық бөлімдердің құрылуы мен музей-педагогы лауазымының енгізілуіне қол қабыс жасады. Осы кезеңде Г. Кленкенің «Музей және мектеп» атты әдістемелік құралы жарық көрді. Еңбекте Берлин қаласының музейлеріне сипаттама беріліп, олардың көллекцияларын тарих пәні барысында қолданудың әдістемесі ұсынылды [Столяров, 2004: 60-62].

Музей педагогикасы саласындағы өзекті мәселенің бірі Г. Фройдентальдің «Музей – Білім беру – Мектеп» атты кітабында көтерілді. Автордың пайымдауынша бірлескен жұмысты жоспарлаудан бұрын музей мен мектептің арасын ажыратып, олардың мүмкіндіктерінің шекарасын белгілеп алу қажет.

Г. Фройденталь музейде сабақтың сәтті өтуін төмендегі талаптардың ескерілуімен байланыстырды:

- музейде өткізілетін сабақ немесе оқушылардың музейге баруының нақты мақсаты болуы қажет;
- мұғалім мен оқушы үшін музейге келу көңіл көтеру емес жауапты жұмыс екенін ұғынып, оған алдын ала дайындалуы қажет;
- оқуышалар музейге дайындықпен келіп, музейдегі мәліметтерді қабылдауға дайын болуы тиіс;
- шолу экскурсиясы мектеп оқушыларына өткізілмеуі қажет;
- музей экспозициясын баланың жас ерекшелігіне қарай әзірлеу;
- баланың музейді тамашалауы оның жеке шығармашылығымен қорытындыланады (сурет салу, өлең шығару, мүсіндер жасау және т.б.) [Столяров, 2004: 65-68].

А. Лихтварктың тәжірибесін дамыту арқылы Г. Фройденталь музейдің білім беру қызметінде дайындық, сабақ барысы және қайталау сынды кезеңдерден тұратын музейде сабақ өткізудің педагогикалық әдістемесін қалыптастырды және ұсынды. Оның пікірінше музей-педагогы оқушыларға музейде сабақ беретін маман болып табылады. 1931 жылы Г.

Фройденталь алғаш рет музей педагогикасы анықтамасын музей қызметінің бағыты ретінде қолданды [Столяров, 2004: 70-75].

Жалпы музей педагогикасының қалыптасу кезеңінде оның мазмұнының негізгі ұстанымы келушілердің музей әлемімен еркін танысып, оның қыр-сырын өз тәжірибесіне сүйену арқылы қабылдауы болғанын байқауға болады.

1960 жылдары музейдің қоғамдағы рөлінің артуына байланысты музей педагогикасы ғылыми пән ретінде қалыптаса бастады. Осылайша музей педагогикасы музейтану, педагогика және психологияны ұштастыра отырып, жеке ғылыми пән болып қалыптасып, музейді мәдени-ағартушылық жүйе ретінде қарастырады. Ол өзара байланысқан танымдық, тәрбиелік, шығармашылық және әлеуметтік қызметтерді жүзеге асырады.

Музей педагогикасының музейлік білім беру бағытының негізгі мазмұнын айшықтайтын және теориялық тұжырымдардың практикалық тұрғыда іске асуын сипаттайтын анықтамалар мен ұғымдар жүйесі бар. Оларды атап өтетін болсақ музей-педагогы, музей-әдіскері, музей аудиториясы, музейдің білім беру бағдарламасы, музейлік сабақ және музей коммуникациясы болып табылады [Шляхтина, 2021: 9-13].

Қорытынды. Музей және білім беру салаларының бірлескен тәжірибесі сала мамандарын даярлауға мүмкіндік берді. Бұл үрдіс Қазақстандық жоғары оқу орындарында «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығын енгізу арқылы жүзеге асырылып келеді. Оқу бағдарламасында «Музей педагогикасы» пәні бар.

Осы тұрғыда мақаланы әзірлеу барысында отандық музей педагогикасы мәселелеріне арналған зерттеулер мен еңбектердің сирек екені анықталды. Бұл ғылыми пәннің Қазақстанда енді қарқын алып келе жатқанын ескере отырып, болашақта ғылыми жарияланымдардың қатары көбейе түседі деп ойлаймыз.

Халықаралық музейлік тәжірибе негізінде Қазақстан музейлерінде музей педагогикасының мазмұны бойынша жұмыс жасайтын құрылымдық бөлімдер бар. Қазіргі уақытта отандық музейлер өз жұмысының білім беру бағытын педагогикалық және мәдени-ағартушылық шаралар түрінде жүзеге асырып келеді.

ӘДЕБИЕТ

Музейная педагогика: Из опыта методической работы / Под ред. *А. Морозовой, О. Мельниковой*. М.: 2006. 416 с.

Муналбаева У.Д. Музейная педагогика. История, теория, практика: учебное пособие. Астана: 2012. 514 с.

Основы музееведения: Учебное пособие / Отв. ред. *Э. Шулепова*. М., 2005. 504 с.

Столяров Б.А. Музейная педагогика. История, теория, практика: Учеб. пособие. М.: Высш. шк., 2004. 216 с.

Шляхтина Л.М. Музейная педагогика : учебно-методическое пособие. Санкт-Петербург: СПбГИК, 2021. 60 с.

Юхневич М.Ю. Я поведу тебя в музей: Учеб. пособие по музейной педагогике. М., 2001. 224 с.

REFERENCES

Muzeynaya pedagogika: Iz opyta metodicheskoy raboty [Museum education: From the experience of methodological work] / Pod red. *A. Morozovoy, O. Melnikovoy*. M.: 2006. P. 416. (In Russian)

Munalbayeva U.D. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: uchebnoye posobiye [Museum education. History, theory, practice]. Astana: 2012. P. 514. (In Russian)

Osnovy muzeyevedeniya: Uchebnoye posobiye [Fundamentals of Museology: A Textbook]. / Otv. red. *E. Shulepova*. M., 2005. P. 504. (In Russian)

Stolyarov B.A. Muzeynaya pedagogika. Istoriya, teoriya, praktika: Ucheb. posobiye [Museum pedagogy. History, theory, practice: Textbook]. M.: Vyssh. shk., 2004. P. 216. (In Russian)

Shlyakhtina L.M. Muzeynaya pedagogika: uchebno-metodicheskoye posobiye [Museum education: Textbook]. Sankt-Peterburg: SPbGIK, 2021. P. 60. (In Russian)

Yukhnevich M.YU. YA povedu tebya v muzey: Ucheb. posobiye po muzeynoy pedagogike [I will take you to the museum: Textbook for museum education]. M., 2001. P. 224. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Атабаева Гүлмира Маратқызы – «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Музей педагогикасы бөлімінің ғылыми қызметкері (161200, Түркістан қ-сы, Әйтеке би 1Б, Қазақстан), өнертану ғылымдарының магистрі. https://orcid.org/0009-0007-5772-6450. E-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

Сведения об авторе: Атабаева Гульмира Маратовна – научный сотрудник Отдела музейная педагогика Национального историко-культурного музея-заповедника «Әзірет Сұлтан» (161200, г. Туркестан, Айтеке би 1Б, Казахстан), магистр искусствоведческих наук. https://orcid.org/0009-0007-5772-6450. E-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

Information about the author: Gulmira M. Atabayeva – Researcher, Department of Museum Pedagogy of the «Azret Sultan» National Historical and Cultural Museum-Reserve (161200, 161200, Turkestan c., Ayteke bi – 1B, Kazakhstan), master of arts. https://orcid.org/0009-0007-5772-6450. E-mail: atabayevagulmira9@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 07.03.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 20.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 26.03.2025.

ӘОЖ 069.01

МУЗЕЙ БАСШЫЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАУДАҒЫ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Н. Жолбарыс
ҚР Мемлекеттік орталық музейі (Қазақстан)

Аңдатпа. Мақалада Батыс Еуропа елдеріндегі музейлердің Қамқоршылық кеңестері мен Шығыс Еуропа, Орталық Азия елдерінің мәдениет саласындағы уәкілетті органдарының музейді басқарушы кадрларды тағайындау тәжірибесі қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – отандық музейлердің басшы кадрларын іріктеуге, тағайындауға заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу. Оң нәтиже берген тәжірибе ретінде Ұлыбритания музейлеріндегі Қамқоршылық кеңестердің рөлі және Ресей, Өзбекстан елдерінде музей басшылары концепциялар конкурсы арқылы іріктеліп, музей директоры ретінде тағайындалғаны мысалға алынған.

Заманауи музей ісінде музейді басқарудың батысеуропалық үлгісі озық болып саналады. Музей басшысын концепциялар конкурсы нәтижесінде тағайындау – конкурстық рәсімдердегі ашықтықты қамтамасыз етіп қана қоймай, музейлердің даму бағдарын анықтауда және стратегиялық мақсатқа жетуде зор ықпалын тигізеді. Қазақстан музейлеріне осындай тәжірибені енгізу арқылы отандық музейлерді басқарушы кадрлардың жаңа буынын қалыптастыруға болады.

Бұл тәжірибені қолдану үшін мәдениет саласына қатысты кейбір нормативтік-құқықтық актілерге толықтыру немесе өзгерістер енгізу қажеттігі туындауы мүмкін. Осыны ескере отырып, мақалада Қазақстан музейлеріне басшы кадрларды іріктеуге, тағайындауға арналған нормативтік-құқықтық актілерге шолу жасалып, зерттеу мақсатына жету үшін ұсыныстар берілген. Ұсыныстар негізінен заңға тәуелді актілерге ғана қатысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Деректер базасы ретінде шетелдік музейлердің басшы лауазымына үміткерлердің концепциялары, музей менеджментіне арналған басылымдар, музейлердің интернет ресурстарындағы материалдар, Қазақстанның мәдениет

саласындағы нормативтік-құқықтық актілері мен музей басшыларының қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мәліметтер пайдаланылды. Зерттеу әдістері ретінде бақылау, салыстыру әдістері қолданылды.

Тірек сөздер: Қазақстан музейлері, музей, музей менеджменті, басқару ісі, Қамқоршылық кеңес, концепциялар конкурсы, музей

Сілтеме жасау үшін: Жолбарыс Н. Музей басшыларын тағайындаудағы шетел тәжірибелері // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), 109-117 бб. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.13

ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ НАЗНАЧЕНИЯ РУКОВОДИТЕЛЕЙ МУЗЕЕВ

Н. Жолбарыс

Центральный государственный музей Республики Казахстан (Казахстан)

Аннотация. В статье исследуется практика назначения руководящих кадров в музеях Западной Европы через попечительские советы, а также в странах Восточной Европы и Центральной Азии посредством уполномоченных органов в сфере культуры. Целью исследования является внедрение современных методов отбора и назначения руководителей в отечественные музеи. В качестве примера успешной практики рассмотрены функции попечительских советов в музеях Великобритании и процесс проведения конкурсов концепций для выбора руководителей музеев в России и Узбекистане, по результатам которых назначаются директора музеев.

Современная музейная практика свидетельствует о том, что западноевропейская модель управления музеем признана передовой. Назначение директора музея через конкурс концепций не только гарантирует прозрачность конкурсных процедур, но и оказывает значительное влияние на выработку стратегии развития музеев и достижение их долгосрочных целей. Применение аналогичного подхода в музеях Казахстана может способствовать формированию нового поколения квалифицированных управленцев в отечественной музейной отрасли.

Для внедрения этого опыта может возникнуть необходимость внесения изменений в действующие нормативно-правовые акты, регулирующие сферу культуры. В связи с этим, в статье представлен обзор актуальных законодательных и нормативных документов, касающихся отбора и назначения руководящих кадров в музеях Казахстана, а также предложены рекомендации по оптимизации данного процесса.

Материалы и методы исследования. В качестве базы данных использовались концептуальные проекты кандидатов на должность руководителя музея, публикации по музейному менеджменту, материалы официальных интернет-ресурсов музеев, нормативно-правовые акты в области культуры Казахстана, а также информация о деятельности музейных руководителей, опубликованная в средствах массовой информации. Методы исследования включают наблюдение и метод сравнительного анализа.

Ключевые слова: музеи Казахстана, музей, музейный менеджмент, управление, попечительский совет, конкурс концепций, директор музея.

Для цитирования: Жолбарыс Н. Зарубежный опыт назначения руководителей музеев // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), с. 109-117. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.13

FOREIGN EXPERIENCE OF APPOINTING MUSEUM HEADS

N. Zholbarys
Central State Museum of the Republic Kazakhstan (Kazakhstan)

Abstract. This article explores the practice of appointing museum leadership in Western Europe through boards of trustees, as well as in Eastern European and Central Asian countries through authorized cultural institutions. The aim of the research is to implement modern methods of selecting and appointing museum directors in domestic museums. Successful practices are exemplified by the role of boards of trustees in museums in the United Kingdom and the concept competition process for selecting museum leaders in Russia and Uzbekistan, the results of which lead to the appointment of museum directors.

Contemporary museum practices indicate that the Western European model of museum management is considered advanced. Appointing a museum director through a concept competition not only ensures transparency in the selection process but also significantly influences the development strategy of museums and the achievement of their long-term objectives. Adopting a similar approach in Kazakhstan's museums could contribute to the formation of a new generation of skilled museum managers within the domestic museum sector.

The implementation of this approach may require changes to existing regulations and legal frameworks governing the cultural sector. Therefore, the article provides an overview of current legislative and regulatory documents concerning the selection and appointment of museum leadership in Kazakhstan and offers recommendations for optimizing this process.

Materials and methods of research. The data used includes concept proposals from candidates for museum director positions, publications on museum management, materials from official museum websites, legal documents related to Kazakhstan's cultural policies, and information about museum leaders' activities published in the mass media. Research methods include observation and comparative analysis.

Keywords: museums of Kazakhstan, museum, museum management, governance, board of trustees, concept competition, museum director.

For citation: N. Zholbarys. Foreign experience of appointing museum heads // MUSEUM.KZ. 2025. №1 (9), pp. 109-117. DOI 10.59103/muzkz.2025.09.13

Кіріспе. Музейлердің үздіксіз дамып, заманауи музей ретінде қызмет етуі үшін басшы лауазымындағы кадрларға зор жауапкершілік жүктеледі. XXI ғасырдағы музейдің басшысы потенциалы жоғары тұлға болуы тиіс. Музей басшыларына қойылатын салалық жоғары білім мен ұзақ жылдар бойғы еңбек өтілі, тиісті заңнаманы білу сияқты қалыптасқан талаптарға бүгінгі уақытта ғылыми әлеуеті зор, жаңа технологияларды меңгерген, шет тілін білетін, заманауи менеджмент негіздерін тәжірибеде қолдана алатын болуы керек деген талаптар қосылды. Мұндай жаңа талаптар музей басшысының «портретін» де өзгертеді. Бұл тақырып - Қазақстан музейлері үшін де өзекті. Аталған мәселенің шешімдерінің бірі ретінде Батыс Еуропа елдерінде кеңінен қолданысқа енгізілген және Өзбекстан мен Ресей тәрізді мемлекеттерде қолға алына бастаған музей басшыларын концепциялар конкурсы арқылы тағайындау тәжірибесін Қазақстан музейлеріне басшы кадрларды тағайындағанда қолдануға болады.

Музейді басқарушы кадрларды концепциялар конкурсы арқылы іріктеу және тағайындау – заманауи менеджмент талабы.

Нәтижелер және талқылау. Музейді басқарушы кадрлар тақырыбы ICOM-ның (Халықаралық музейлер комитеті – ауд.) музей мамандарына арнап шығарған «Музейді басқару: практикалық нұсқаулық» атты жинағындағы Гари Эдсонның мақаласында жан-жақты қарастырылған. Ол «Музейді басқару» атты мақаласында Рэймонд Белбиннің еңбектеріне сүйене отырып, директорлардың басқару стильдерін дәстүрлі және заманауи деп екіге бөліп көрсетеді (1-кесте) [ICOM, 2004: 133-145].

1-кесте. Мекеме басшыларының басқару стильдері. Рэймонд Белбиннің еңбектеріне сүйеніп, Гари Эдсон жасаған.

Дәстүрлі: «жеке көшбасшы»	**Заманауи: «командалық көшбасшы»**
Еркіндігі шексіз. Барлық іске араласады.	Өзінің басқарушылық рөлін шектейді: рөлдерді ұжым арасында бөледі.
Барлығын өзіне бағынышты етуге тырысады: ұжымды идеяларымен келісуге және оны қабылдауға міндеттейді.	Жұмысты персоналдың түрлігіне қарай бөледі: позитивті түрде бағалайды және осыдан ұйымның күшін көре алады.
Айналасына өзіне жағымды қызметкерлерді жинайды. Жаңа идея айтушыларды қабылдай алмайды.	Белсенді түрде талантты адамдарды іздейді: ерекше мүмкіндігі бар адамдардан қорықпайды.
Барлық қызметкерге өзіне тәуелді адам тәрізді қарайды.	Негізгі мәселе команданы дамыту мен алға жылжыту екенін түсінеді: әріптестерінің мықты жақтарын бағалайды.
Кім не істейтінін және қалай істейтінін анықтап көрсетеді.	Ұйымның миссиясын түсіндіруді қамтамасыз етеді.

Команда көшбасшысы бола білетін музейдің басқарушы кадрларын тағайындау қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселені музей ісі дамыған елдерде қалай шешеді? Қазақстанмен көрші елдердің бұл жағдайда қандай тәжірибесі бар? Озық тәжірибені енгізу үшін қандай қадамдар жасауымыз керек? Аталған сауалдардың жауабын Батыс Еуропа елдері мен көршілес Өзбекстан, Ресей тәрізді мемлекеттердің музейлерінен іздеуге болады.

Музей ісі озық дамыған елдерде музей басшысын *концепциялар конкурсы* арқылы іріктеу әлемнің бірнеше елінде қолға алынған.

Мысалы, Батыс Еуропаның бірнеше музейінде басшылар Қамқоршылық кеңестер арқылы тағайындалады. Оған Британ музейінің ұзақ жылдар бойғы тәжірибесі мысал бола алады. Британ музейі туралы 1963 жылғы заңға және Ұлыбританияның Музейлер мен галереялар туралы 1992 жылғы заңына сәйкес, музей жанынан Қамқоршылық кеңесі құрылған. Қамқоршылық кеңес 25 адамнан тұрады. Кеңес құрамы король сарайы тағайындаған 1 адам, атқарушы үкіметтің ұсынуымен 15 адам, мемлекеттік хатшылықтың ұсынуымен 4 адам, және 5 адам кеңес мүшелерінің ұсынуымен бекітіледі [БМ ресми сайты, 2025: britishmuseum.org; 28.03.2025]. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің мамандығы әртүрлі, мысалы, олардың арасында банкир, заңгер, журналист, педагог және т.б деп мамандық иелері бар. Британ музейінің Қамқоршылық кеңесін басқару немесе оның құрамында болу – британдықтар үшін зор мәртебе. Музейдің Қамқоршылық кеңесін басқаруға 2021 жылғы күзде кіріскен Джордж Осборн «Британ музейінің командасына қосылғаныма қуаныштымын. Кеңес құрамында болуға өтінім беріп, оның құрамына кіріп және оны басқару мен үшін – абырой» деген сөзі осыны айғақтайды [ZM сайты, 2025: https://zimamagazine.com/2021/06/byvshij-kancler-dzhordzh-osborn-vozglavit-popechitelskij-sovet-britanskogo-muzeya/ 24.03.2025]. Бұрын бизнес саласында ауқатты кәсіпкер ретінде танылып, үкімет құрамында Ұлыбританияның Қазынашылық канцлері болған лауазымды тұлғаның Британ музейінің Қамқоршылық кеңесін басқаруы музей үшін табысты болары сөзсіз.

Дәл осындай қамқоршылық кеңес Виктория мен Альберт музейінде де құрылған. Мұндай тәжірибе АҚШ-та және Еуропаның басқа елдері Италия, Испанияда және Катар, Біріккен Араб әмірліктерінде кеңінен тараған. Бұл елдердің музей ісіндегі қамқоршылық кеңестерінің Британ музейіндегі қамқоршылық кеңестен құрамындағы кеңес мүшесінің саны немесе оның кеңеске мүше болу тәртібі арқылы ғана ерекшеленеді.

Музей ісіндегі қамқоршылық кеңестердің негізгі миссиясы бір. Олар музейлерге инвестиция тартумен, музей басшылығының қызметін (есеп алу арқылы) және музейдің стратегиялық жоспарының жүзеге асу деңгейін қадағалаумен айналысады.

Қамқоршылық кеңестері құқықтық статусқа ие Батыс Еуропа елдерінің музейлеріндегі қамқоршылық кеңестердің негізгі қызметінің бірі – музейді басқарушы лауазымды тұлғаны ашық немесе жабық дауыс беру арқылы таңдау және тағайындау. Музейді басқаруға ниетті үміткерлер музейлердің қамқоршылық кеңестерінде музейді дамытудың белгілі бір мерзімге арналған концепциясын ұсынады. Қамқоршылық кеңестің оң қорытындысына ие болған концепцияның авторы-үміткер белгілі бір мерзімге музей басшысы ретінде тағайындалады. Әдетте бұл мерзім 4-5 жылдан аспайды.

Батыс Еуропада басталған бұл тәжірибе Қазақстанмен шекаралас Өзбекстан Республикасы мен Ресей Федерациясының тәжірибесіне де енгізілді. Екі мемлекетте де өткізілген концепциялар конкурсы ұйымдастырылуы жағынан ұқсас, тек конкурс географиясы тұрғысынан ғана өзгеше болды.

Аталған екі елдің музейді дамытудың ұзақ мерзімді концепцияларына арналған конкурсы Батыс Еуропа елдерінің музейлерімен салыстырғанда ерекшеленеді. Батыс Еуропа елдерінде концепцияны қамқоршылық кеңестер қарастыратын болса, Өзбекстан мен Ресейде мәдениет саласындағы уәкілетті органдар қарастырады.

Музейді дамытуға арналған концепциялар конкурсы заманауи музей менеджментінде өте маңызды. Бұл тәжірибеде музей директорының бос лауазым орнына емес, музейдің жаңа концепциясы үшін конкурс жарияланады. Концепция арқылы музей құрылтайшысы (қамқоршылық кеңестер, уәкілетті органдар) музейдің алдағы төрт немесе бес жылға дейінгі даму стратегиясын көре алады. Яғни, музейді басқаруға үміткерлер музейдің 4 немесе 5 жылға дейінгі даму концепциясын әзірлеп, құрылтайшыға ұсынады.

Музейді дамытуға арналған концепциялар конкурсының бірі Ресей Федерациясында «А. В. Щусев атындағы архитектура музейінің жаңа концепциясының конкурсы» деген атаумен өтті [РФ Мәдениет министрлігінің сайты, 2025: https://culture.gov.ru/press/news/v-minkultury-proshla-prezentatsiya-kontseptsiy-raz/ 11.02.2025]. Концепциялар конкурсы 2016 жылғы желтоқсанда басталып, үміткерлер бір ай мерзім ішінде құжаттарын тапсырды. Жинақталған құжаттар интернет ресурстарында жарияланып, 7 үміткердің ұсынған концепциялары қоғамдық талқылауға шығарылды. Қоғамдық талқылауға тарихшылар, музейтанушылар, өнертанушылар және музейдің бейіне сай келетіндіктен архитекторлар қатысты. Талқылау үш айға созылып, комиссия отырысына ұсынымдар берілді. Комиссия отырысы интернет коммуникациялар арқылы тікелей эфирде көрсетіліп, конкурстың ашықтығы қамтамасыз етілді. Комиссияға 7 үміткердің құжаттарымен бірге қоғамдық талқылаудың қорытынды пікірлері ұсынылды. Концепциялар конкурсының жеңімпазы ашық дауыс беру арқылы анықталды. Нәтижесінде А.В.Щусев атындағы архитектура музейінің аға ғылыми қызметкері – үміткер Елизавета Лихачева ұсынған концепция үздік деп танылды. Конкурстық комиссия оны 1 жыл сынақ мерзімімен 4 жылға директор етіп тағайындады. Е.Лихачева ұсынған концепцияда музейдің дәстүрлі жұмыстарына өзгерістер енгізу көзделген. Олардың қатарында музейдің ғылыми қызметіне жаңа талап қою, көрме қызметінің концепциясын қайта қарау, штат кестелеріне өзгерістер енгізу бар. Қазіргі заманауи тәжірибелердің ішінен музей кеңесін құру, қаржыландыру көздерін өзгерту, музейді қала кеңістігіндегі форумға айналдыру тәрізді мақсат та Е.Лихачеваның концепциясында көрініс тапқан [Интерфакс сайты, 2025: https://www.interfax.ru/culture/554765/ 11.02.2025].

Концепциялар конкурсы Ресей Федерациясының өзге музейлерінде де жүзеге асырылды. Ол музейлердің қатарында Мәскеу академиялық театрының музейі, И.С.Тургенов музей-қорығы, Ресей этнографиялық музейі бар.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасында Ресейден кейін бұл тәжірибені Өзбекстан Республикасы енгізді. Өзбекстандағы концепциялар конкурсы Қарақалпақстан астанасы Нүкісте орналасқан «И. В. Савицский атындағы Өнер музейінің басшысы

лауазымына арналған халықаралық конкурс» деген атаумен өтті [Өзбекстан Республикасының Мәдениет және өнерді дамыту қорының сайты, 2025: https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo/ 12.02.2025].

И. В. Савицский атындағы Өнер музейі көпшілікке «Шөлдегі Лувр» деген атпен танымал. Ұлыбританияның The Guardian газеті «әлемнің ең керемет музейлерінің бірі» деп атаған бұл музейдің қорында 90 мыңдай көркемөнер туындысы бар [«Вести Узбекистана» сайты, 2025: https://vesti.uz/the-telegraph-3-10/ 14.02.2025]. Өзбекстан мәдениетінің мақтанышына айналған, Орталық Азияға беттеген туристердің міндетті түрде баратын музейлерінің бірі ретінде танымал болған өнер орталығын басқаруды музей ісінің білікті маманына тапсыруды мақсат еткен өзбек билігі 2019 жылы халықаралық деңгейдегі конкурс жариялады. Конкурс талаптарында сұратылған құжаттар тізбесінде аталған лауазымды неліктен таңдағанын түсіндіретін хат, музейді дамытуға арналған мақсаты мен міндеті туралы хат және музейді дамыту туралы арнайы жоба талап етілген. Музейді дамытуға арналған жобаның бөлімдері музейге келушілерді тарту, қор сақтау жұмысын дамыту және халықаралық байланыс тәрізді үш тараудан тұруы керектігі де көрсетілген [Өзбекстан Республикасының Мәдениет және өнерді дамыту қорының сайты, 2025: https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo/ 12.02.2025].

Ресей мен Өзбекстанда өткен концепциялар конкурстары мазмұны жағынан бірдей болғанымен, конкурстың георграфиясында өзгешеліктер болды. Ресей Федерациясы концепциялар конкурсын федеральдық деңгейде өткізсе, Өзбекстан Республикасы конкурсты халықаралық деңгейде жариялады. Сөйтіп Өзбекстандағы конкурстың географиясы ауқымды болды. Қазақстан, Германия, Ресей және Өзбекстанның өз азаматтары да қатысты. Конкурс туралы хабарландыру жариялау, құжат қабылдау, концепцияларды ашық қорғау, жеңімпаздарды жариялау тәрізді кезеңдерден тұрған концепциялар конкурсында ресейлік археолог, өнер тарихшысы Тигран Мкртычев жеңімпаз деп танылды.

Т. Мкртычев 2021 жылғы қаңтарда И. В. Савицский атындағы Өнер музейін басқаруға кірісіп, 2024 жылғы желтоқсанда қызметін аяқтады. Осы аралықта «музейге келушілер саны артқан, музей бюджеті ақылы қызметтер есебінен толыға түскен, кәдесый өнімдерін шығару жолға қойылған» [«Газета.Уз» сайты, 2025:https://www.gazeta.uz/ru/2025/01/21/nukus-museum/ 24.02.2025].

Өзбекстан музей ісінің тарихында алғаш рет басшылық лауазымға ие болған шетелдік басшының ұжыммен бірге жеткен жетістіктерінің қатарында И.В.Савицский атындағы Өнер музейінің халықаралық деңгейдегі көрмелері де бар. Аталған музейдің қорындағы өнер туындылары Әзербайжан, Ресей, Франция, Италия елдерінде өткен көрмелерге қойылды.

Ресей Федерациясы мен Өзбекстан Республикасының бұл тәжірибесін Қазақстан музейлеріне басшылық кадрларды тағайындау кезінде қолдануға болады. Музей басшысын концепциялар конкурсы негізінде тағайындау конкурстың қоғам алдындағы ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, музейдің кәсіби қауымдастықтағы рөлі қандай болатынын және мәдени институт ретіндегі қызметінің негізгі даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Отандық мәдениет саласындағы және еңбек қатынастарын реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қарастырғанда музей басшысын концепциялар конкурсы негізінде тағайындауға тиым салатын құжаттар кездеспейді. Керсінше, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді толықтыру арқылы заманауи менеджментті енгізуге мүмкіндігі бар екені байқалады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысының блоктар бойынша сыныптамасында республикалық, облыстық, қалалық және аудандық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын

басшыларын «А1» тобына жатқызады. Қазақстандағы музейлердің басшылары осы «А1» тобына жататын азаматтық қызметшілер болып саналады [«Әділет» базасы, 2025: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193/ 06.03.2025]. Ал Қазақстан музейлеріне басшылар азаматтық қызметші ретінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 1017 бұйрығына [«Әділет» базасы, 2025: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696 / 06.03.2025] және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығына сәйкес конкурспен тағайындалады [«Әділет» базасы, 2025: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379 / 06.03.2025].

Мәдениет саласындағы уәкілетті орган бос лауазым орнына конкурс ұйымдастыру (өткізу) кезінде үміткерден конкурсқа қатысу туралы өтініш, түйіндеме, өмірбаян, білімі туралы құжат, еңбек өтілін растайтын құжат, денсаулық жағдайы туралы анықтама, жеке куәлік көшірмесі, сыбайлас жемқорлық жасамағаны туралы анықтаманы талап етеді [ҚР МжАМ ресми сайты, 2025: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/752384?lang=kk / 10.03.2025]. Осы аталған міндетті құжаттардың қатарына музейді дамытуға арналған концепцияны қосу – заман талабы. Музейді дамытуға арналған концепция халықаралық тәжірибе көрсеткендей 4 немесе 5 жылға арналуы тиіс. Мұндай талап музейлерді басқаруға біліктілігі жоғары кадрларды тартуға мүмкіндік жасайды және бұл қадам отандық музей ісінің дамуына жаңа леп әкелері сөзсіз.

Үміткерлерден музейді дамытуға арналған концепцияны талап ету қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді немесе жаңа ереже шығару тәрізді құқықтық сұрақтарды туындатуы мүмкін. Бірақ бұл экономиканың нақты секторы – мәдениет саласының дамуына оң ықпал ететін қадам. Бұл талапты енгізу қосымша қаржы шығындары мен өзге де ресурстарды қажет етпейді. Сонымен қатар өзге де нормативтік-құқықтық актілерге кереғар болмайды.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы отандық музейлерге жаңа міндет жүктеп отыр. Тұжырымдамада көрсетілген музейге келушілер санын арттырудан бастап, музей заттарын кеңінен насихаттау, музей кеңістігін тиімді пайдалану тәрізді міндеттерді жүзеге асыру үшін музейге заманауи басшы – көшбасшы қажет. Дәстүрлі түрде қалыптасқан бос лауазым орнына жариялайтын конкурстардың ережесіне өзгеріс енгізу арқылы музей менеджментін жаңа сатыға көтеру болады.

ӘДЕБИЕТ

Access to information about the British Museum [Электронды ресурс] Британ музейінің ресми сайты. 2025. Лондон. Қолжетімді режим: britishmuseum.org (қаралған күні: 10 наурыз, 2025).

I.V. Saviskiy nomidagi Davlat san'at muzey direktori lavozimiga Xalqaro tanlov e'lon qilinmoqda [Электронды ресурс] Өзбекстан Республикасының Мәдениет және өнерді дамыту қорының сайты. Ташкент. 2025. Қолжетімді режим: https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo (қаралған күні: 02 ақпан, 2025).

Бывший канцлер Джордж Осборн возглавит попечительский совет Британского музея [Электронды ресурс] ZM сайты. Лондон. 2025. Қолжетімді режим: https://zimamagazine.com/2021/06/byvshij-kancler-dzhordzh-osborn-vozglavit-popechitelskij-sovet-britanskogo-muzeya/ (қаралған күні: 10 наурыз, 2025).

В Минкультуры прошла презентация концепций развития Музей архитектуры имени Щусева [Электронды ресурс] РФ Мәдениет министрлігінің сайты. Мәскеу. 2025. Қолжетімді режим: https://culture.gov.ru/press/news/v-minkultury-proshla-prezentatsiya-kontseptsiy-raz/ (қаралған күні: 16 ақпан, 2025).

Директором музея архитектуры им. Щусева назначена Елизавета Лихачева [Электронды ресурс] Интерфакс сайты. Мәскеу. 2025. Қолжетімді режим: https://www.interfax.ru/culture/554765 (қаралған күні:16 ақпан, 2025).

Музей Савицкого – на 3 месте в топ-10 удивительных путешествий [Электронды ресурс] «Вести Узбекистана» сайты. Ташкент. 2025. Қолжетімді режим: https://vesti.uz/the-telegraph-3-10/ (қаралған күні: 09 ақпан, 2025).

Нукусский музей не случайный этап в моей жизни. Тигран Мкртычев – о работе в музее Савицкого [Электронды ресурс] «Газета.Уз» сайты. Ташкент. 2025. Қолжетімді режим:https://www.gazeta.uz/ru/2025/01/21/nukus-museum/ (қаралған күні: 21 ақпан, 2025).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» № 1193 қаулысы [Электронды режим] «Әділет» базасы. Астана. 2025. Қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193 (қаралған күні: 03 наурыз, 2025).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогін қоспағанда, азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 1017 бұйрығы [Электронды режим] «Әділет» базасы. Астана. 2025. Қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696 (қаралған күні: 03 наурыз, 2025).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығы [Электронды режим] «Әділет» базасы. Астана. 2025. Қолжетімді режим: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379 (қаралған күні: 12 наурыз, 2025).

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министірлігінің Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына байқау жариялайды [Электронды режим] ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми сайты. Астана. 2025. Қолжетімді режим: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/752384?lang=kk (қаралған күні: 03 наурыз, 2025).

Управление музеем: практическое руководство / ICOM. Париж, 2004. 133-145 бб.

REFERENCES

Access to information about the British Museum [Elektrondy resurs] Britan muzeiınıñ resmi saity. London. 2025. Kholzhetımdi rezhim: britishmuseum.org (qaralğan künı: 10 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Savicskiy I.V. nomidagi Davlat san'at muzey direktori lavozimiga Xalqaro tanlov e'lon qilinmoqda [Elektrondy resurs] Özbekstan Respublikasynyñ Mädeniet jäne önerdı damytu qorynyñ saity. Taşkent. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://old.acdf.uz/oz/news/obyavlen-mezhdunarodnyy-konkurs-na-dolzhnost-direktora-muzeya-im-ivsavickogo (kharalgan kuni: 10 aqpan, 2025). (In Uzbek)

Byvshi kansler Jorj Osborn vozglavit popechitelski sovet Britanskogo muzeia [Elektrondy resurs] ZM saity. London. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://zimamagazine.com/2021/06/byvshij-kancler-dzhordzh-osborn-vozglavit-popechitelskij-sovet-britanskogo-muzeya/ (kharalgan kuni: 10 nauryz, 2025). (In Russian)

V Minkultury proshla prezentacia koncepcii razvitia Muzei arhitektury imeni Shuseva [Elektrondy resurs] RF Madeniet ministrlıgının saity. Maskeu. 2025. Kholzhetımdi rezhim:

https://culture.gov.ru/press/news/v-minkultury-proshla-prezentatsiya-kontseptsiy-raz/ (kharalgan kuni: 16 aqpan, 2025). (In Russian)

Direktorom muzeia arhitektury im. Shuseva naznachena Elizaveta Lihacheva [Elektrondy resurs] İnterfaks saity. Maskeu. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://www.interfax.ru/culture/554765 (kharalgan kuni:16 aqpan, 2025). (In Russian)

Muzei Saviskogo – na 3 meste v top-10 udivitelnyh puteshestvi [Elektrondy resurs] «Vesti Uzbekistana» saity. Taşkent. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://vesti.uz/the-telegraph-3-10/ (kharalgan kuni: 09 aqpan, 2025). (In Russian)

Nukusski muzei ne sluchainyi etap v moei zhizni. Tigran Mkrtychev – rabote v muzee Saviskogo [Elektrondy resurs] «Gazeta.Uz» saity. Tashkent. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://www.gazeta.uz/ru/2025/01/21/nukus-museum/ (kharalgan kuni: 21 aqpan, 2025). (In Russian)

Khazakhstan Respublikasy Ukımetinin 2015 zhylgy 31 zheltoksandagy «Azamattykh khyzmetshılerge, memlekettık budzhet kharazhaty esebinen ustalatyn uiymdardyn khyzmetkerlerine, khazynalykh kasıporyndardyn khyzmetkerlerıne enbekakhy toleu zhuiesi turaly» № 1193 qaulysy [Elektrondy rejim] «Adilet» bazasy. Astana. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193 (kharalgan kuni: 03 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Khazakhstan Respublikasy Densaulykh sakhtau zhane aleumettik damu ministrinin 2015 zhylgy 25 zheltokhsandagy «Memlekettik bilim beru uiymynyn birinshi basshysy men pedagogin khospaganda, azamattykh khyzmetke kiru zhane azamattykh khyzmetshinin bos lauazymyna ornalasuga konkurs otkizu khagidalaryn bekitu turaly» № 1017 būiryğy [Elektrondy rejim] «Adilet» bazasy. Astana. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012696 (kharalgan kuni: 03 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Khazakhstan Respublikasy Ulttykh ekonomika ministrinin 2015 zhylgy 2 akhpandagy «Memlekettik kasıporynnyn basshysyn tagaiyndau zhane atestattau zhurgizu, sondai-ak onyn kandidaturasyn kelisu khagidalaryn bekitu turaly» № 70 buirygy [Elektrondy rejim] «Adilet» bazasy. Astana. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010379 (kharalgan kuni: 12 nauryz, 2025). (In Kazakh)

Khazakhstan Respublikasy Madeniet zhane akhparat ministirliginin Madeniet komitetinin «Khazakhstan Respublikasynyn Ulttykh muzeii» respublikalykh memlekettik khazynalykh kasiporny direktorynyn bos lauazymyna baikhau zharialaidy [Elektrondy rejim] «Khazakhstan Respublikasy Madeniet zhane akhparat ministrliginin resmi saity». Astana. 2025. Kholzhetımdi rezhim: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/752384?lang=kk (kharalgan kuni: 03 nauryz, 2025). (In Kazakh)

«Upravlenie muzeem: prakticheskoe rukovodstvo» / ICOM; - Parij, 2004, pp. 133-145. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Жолбарыс Нұрсерік – ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің ғылыми қызметкері, музейтанушы (050051 Алматы қаласы, Самал-1, 44, Қазақстан). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Сведения об авторе: Жолбарыс Нурсерик – научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан, музеолог (050051 г. Алматы, Самал-1, 44, Казахстан). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Information about the author: Zholbarys Nurserik – research worker of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, museologist (050051 Almaty, Samal-1, 44, Kazakhstan). E-mail: zholbarysnurserik@gmail.com

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.03.2025.
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 18.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2025.

МАЗМҰНЫ

З.В. Доде
Шеңгелді жібектері: жоғалған мәтін іздері 5

Вера Майерик, Борбала Нири.
Төменнен жоғарыға – Венгриядағы кіші қоғамдық археология жобасы 26

В.Я. Қыдыева
А.В. Анохин атындағы Алтай Республикасының
Ұлттық музей қорындағы әйел киімі - чегедектер коллекциясы 33

Р.Н. Шойбеков
Наурыз – жылдың ұлы мейрамы.....40

Ж. Шайгозова, Ғ. Темиртон
Замануи музейлердің визуалды стратегиялары
оның ұлттық бірегейленудегі репрезентативтік рөлі.....50

С.Т. Шаметов, Б.Қ. Байболов
Музей коммуникациясы: теориялық және практикалық аспектілері 58

А.Т. Бокачева, Р.У. Чекаева
Орталық Қазақстандағы ортағасырлық сәулет ескерткіші 65

М. Тұяқбаев, Т. Өсеров
Вакф және Халим аба жайлы деректер 74

А.Х. Тұрсынов
Тарихи-мәдени мұраны насихаттаудағы музейде ұйымдастырылатын
үйірме жұмыстары: «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының тәжірибесінде 80

Ә.С. Моллақанағат
Ясауи Хикметтері мен Тайқазан жазуларындағы мораль мен этика және
олардың Наурыз философиясымен байланысы 88

М. Мағзұмов, Ә.А. Мұханбет
Ағаш бұйымдарының философиялық және символикалық мағынасы.....95

Г. Атабаева
Музей педагогикасы: құрылымдық бөлімнен ғылыми пәнге дейін.....103

Н. Жолбарыс
Музей басшыларын тағайындаудағы шетел тәжірибелері 109

СОДЕРЖАНИЕ

З.В. Доде
Шенгельдинские шелка: фрагменты утраченного текста 5

Вера Майерик, Борбала Ньири.
Снизу вверх – маломасштабный проект общественной археологии в Венгрии 26

В.Я. Кыдыева
Коллекция женской одежды – Чегедек в фондах
Национального музея Республики Алтай имени А.В. Анохина 33

Р.Н. Шойбеков
Наурыз – великий праздник года 40

Ж. Шайгозова, Г. Темиртон
Замануи музейлердің визуалды стратегиялары
және ұлттық бірегейленудегі репрезентативтік рөлі 50

С.Т. Шаметов, Б.Қ. Байболов
Музейная коммуникация: теоретические и практические аспекты 58

А.Т. Бокачева, Р.У. Чекаева
Средневековый архитектурный памятник Центрального Казахстана 65

М. Туякбаев, Т. Озеров
Данные о Вакф и Халим аба 74

А.Х. Турсынов
Организация музейной кружковой работы по продвижению историко-культурного
наследия: на опыте музея-заповедника «Азрет Султан» 80

А.С. Моллаканагат
Мораль и этика в Хикметах Ясауи и надписях на Тайказане
и их связь с философией Наурыза 88

М. Магзумов, А.А. Муханбет
Философско-символическое значение изделий из дерева 95

Г. Атабаева
Музейная педагогика: от структурного подразделения до научной дисциплины 103

Н. Жолбарыс
Зарубежный опыт назначения руководителей музеев 109

CONTENT

Z.V. Dode
Shengeld silks: fragments of a lost text.....5

Vera Majerik, Dr. Borbála Nyíri.
From the bottom up – a small-scale community archaeology project in Hungary 26

V.Ya. Kydyeva
Women's clothing collection - Chegedek in the funds
of the Altai Republic National museum named after A.V. Anokhin 33

R.N. Shoibekov
Nauryz is the great holiday of the year.....40

Zh. Shaygozova, G. Temirton
Visual strategies of modern museums and their role in the representation of national identity .50

S.T. Shametov, B.K. Baibolov
Museum communication; theoretical and practical aspects 58

A.T. Bokachyova, R.U. Chekaeva
Medieval architectural monument of Central Kazakhstan 65

M. Tuyakbaev, T. Ozerov
Data about Waqf and Halim aba 74

A.Kh. Tursynov
Organizing museum circle work to promote historical and cultural heritage:
based on the experience of the Museum-Reserve "Azret Sultan".....80

A.S. Mollakanagat
Morality and ethics in Yasawi's Hikmets and the inscriptions
on the Tayqazan and their connection with the philosophy of Nowruz.....88

M. Magzumov, A.A. Mukhanbet
Philosophical and symbolic meaning of wooden products 95

G. Atabayeva
Museum Education: from a Structural Department to a Scientific Discipline.....103

N. Zholbarys.
Foreign experience of appointing museum heads 109

БАС РЕДАКТОР:
Атығаев Нұрлан Әділбекұлы
тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Абдуллах Гюндогду, тарих ғылымдарының докторы, Анкара университетінің тілдер және тарих-география факультетінің профессоры, жалпы түрік тарихы бөлімінің меңгерушісі (Түркия).

Ахметжан Қалиолла Саматұлы, Қазақстан Республикасы көркемсурет Академиясының академигі, тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф-қару зерттеуші (Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан).

Кенжебаев Ғабит Қапезұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Абай атындағы Қаз ҰПУ Тарих және құқық институтының директоры (Қазақстан).

Ғабитов Тұрсын Хафизұлы, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасының профессоры (Қазақстан).

Жолт Биро Андраш, антрополог, профессор (Венгрия).

Жұматаев Ринат Серікұлы, PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан).

Ишанходжаева Замира Райиымқызы, тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Улугбек атындағы Ұлттық университетінің профессоры (Өзбекстан).

Картаева Тәттігүл Ерсайынқызы, тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Тарих факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры (Қазақстан).

Петров Павел Николаевич, тарих ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының профессоры (Ресей).

Подушкин Александр Николаевич, тарих ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан).

Уәли Нұргелді Мақажанұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

Файзуллина Галия Шаукетовна, тарих ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университетінің Туризм және қонақжайлылық жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан).

Харипова Рашида Ерімқызы, педагогика ғылымдарының магистрі (Қазақстан).

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОР:
Темиртон Галия
PhD докторы

РЕДАКЦИЯ КЕҢЕСІ:
Қыстаубаева Айгүл, Төрежанова Набира, Белтенов Жасұлан,
Мякишева Ольга, Жайнақов Ерсін, Балаева Арайлы, Жолбарыс Нұрсерік

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Атыгаев Нурлан Адилбекович
кандидат исторических наук, профессор

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Абдуллах Гондугду, доктор исторических наук, профессор факультета языков, истории и географии университета Анкары, заведующий кафедрой общей истории Турции (Турция).

Ахметжан Калиолла Саматович, кандидат исторических наук, академик Академии художеств Республики Казахстан, этнограф-оружейник (Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор (Казахстан).

Кенжебаев Габит Капезович, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК, директор Института истории и права Каз НПУ им. Абая (Казахстан).

Габитов Турсун Хафизович, доктор философских наук, профессор кафедры философии и социологии факультета философии и социологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

Жолт Андраш Биро, антрополог, профессор (Венгрия).

Жуматаев Ринат Серикович, доктор PhD, заведующий кафедрой археологии, этнологии и музеологии факультета истории Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

Ишанходжаева Замира Райимовна, доктор исторических наук, профессор Национального университета имени Мирзо Улугбека (Узбекистан).

Картаева Таттигул Ерсайыновна, кандидат исторических наук, профессор кафедры археологии, этнологии и музеологии факультета истории Казахского Национального университета имени аль-Фараби (Казахстан).

Петров Павел Николаевич, кандидат исторических наук, профессор Российской Академии Естествознания (Россия).

Подушкин Александр Николаевич, доктор исторических наук, профессор Южно-Казахстанского государственного педагогического университета (Казахстан).

Уали Нургелди Макажанович, доктор филологических наук, профессор, главный научный сотрудник Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан).

Файзуллина Галия Шаукетовна, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Высшей школы туризма и гостеприимства университета «Туран» (Казахстан).

Харипова Рашида Еримовна, магистр педагогических наук (Казахстан).

НАУЧНЫЙ РЕДАКТОР:
Темиртон Галия
PhD доктор

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:
Кистаубаева Айгуль, Торежанова Набира, Белтенов Жасулан,
Мякишева Ольга, Жайнаков Ерсин, Балаева Арайлы, Жолбарыс Нұрсерік

EDITOR-IN-CHIEF:
Nurlan A. Atygayev
Candidate of Historical Sciences, professor

EDITORIAL BOARD:

Abdullah Gündoğdu, Doctor of Historical Sciences, Professor at the Faculty of Languages, History and Geography of Ankara University and Head of the Department of General History of Turkey (Turkey).

Akhmetzhan Kaliolla Samatovich, Candidate of Historical Sciences, Academician of the Academy of Arts of the Republic of Kazakhstan, ethnographer-gunsmith (Kazakhstan).

Abil Erkin Amanzholovich, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan).

Kenzhebaev Gabit Kapezovich, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the Faculty of History and Law of Abay Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan).

Gabitov Tursun Khafizovich, Doctor of Philosophical Sciences, Professor at the Department of Philosophy and Sociology, Faculty of Philosophy and Sociology, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

András Zsolt Biro – anthropologist, Professor (Hungary).

Zhumataev Rinat Serikovich, PhD, Head of the Department of Archaeology, ethnology and museology, Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

Ishankhodjaeva Zamira Rayimovna, Doctor of Historical Sciences, Professor at the National University of Uzbekistan named after Mirzo Ulugbek (Uzbekistan).

Kartaeva Tattigul Ersayinovna, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Department of Archaeology, ethnology and museology, Faculty of History, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan).

Petrov Pavel Nikolaevich, Candidate of Historical Sciences, Professor at the Russian Academy of Natural Sciences (Russia).

Podushkin Aleksandr Nikolayevich, Doctor of Historical Sciences, Professor at South Kazakhstan State Pedagogical University (Kazakhstan).

Uali Nurgeldi Makazhanovich, Doctor of Philological Sciences, Professor, Chief Researcher at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

Fayzullina Galiya Shauketovna, Candidate of Historical Sciences, associate professor of the Higher School of Tourism and Hospitality of the Turan University (Kazakhstan).

Kharipova Rashida Erimqyzy, Master of Pedagogical Sciences (Kazakhstan).

SCIENTIFIC EDITOR:
Temirton Galiya
PhD

EXECUTIVE EDITORS:
Aigul Kystaubaeva, Nabira Torezhanova, Zhasulan Beltenov,
Olga Myakisheva, Ersin Zhainakov, Balayeva Araily, Zhulbarys Nurserik

050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ., Самал-1 ықшам ауданы, 44
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік орталық музейі
«MUSEUM.KZ» журналының редакциясы
Тел.: +7(727) 264 08 44
E-mail: museum.kz@mail.ru

050100, Республика Казахстан,
г. Алматы, микрорайон Самал-1/44
Центральный государственный музей
Республики Казахстан
Редакция журнала «MUSEUM.KZ»
Тел.: +7(727) 264 08 44
E-mail: museum.kz@mail.ru

050100, Republic of Kazakhstan,
Almaty, district Samal-1, 44
The Central State Museum of the
Republic of Kazakhstan
Editorial board of the journal «MUSEUM.KZ»
Tel.: +7(727) 264 08 44
E-mail: museum.kz@mail.ru